

БЕЗБЕН

ҚЫС БОЛҒАН СОҢ КЕТТІ КҮЙ...



Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев Ақтау қаласында бірнеше күннен бері жылу мен ыстық су болмағаны үшін бірнеше шендіге сөгіс жариялады. Өзінің бірінші орынбасарынан бастап, Ақтау қаласының әкіміне, тұрғын-үй шаруашылығына жауапты басқарманың басшысы сынды шенділерге сөгіс берді. Сөгіс деген не? Мемлекеттік қызметкерді сөгіспен сойылдау қаншалықты тиімді? Азар болса, алты ай бойы сыйақыдан қағылар. Ал халықты әуре-сарсаңға салып, суық күнде жылудан қаққаны үшін сөгіс жариялау «жау кеткен соң қылышыңды тасқа шаптын» кері емес пе? Сөгіспен сытылып кетудің соны сорақылыққа ұрындырмаса екен дейсін.

Құз басталғанда Премьер-Министр Ә.Смайылов Үкімет отырысында министрлерден тартып, өңір әкімдерінен де қыркүйектің басында жылу маусымына әзірлік барысын сұраған болатын. Энергетика министрі Болат Ақшолоақов бастап, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаевтың, сондай-ақ облыс әкімдерінің баяндама жасағаны көпшіліктің есінде. Міне, осы жиында Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында жылу электр стансаларының басты жабдықтарына жөндеу жұмысын жүргізу межелі уақытында аяқталмағаны, тіпті Қарағанды мен Маңғыстау облысында, Шымкент қаласындағы жылу жүйесіне күрделі жөндеу жүргізуді келесі жылғы ысырғандары да айтылды.

(Жалғасы 2-бетте)

Түбіміз бір, тамырымыз тұтасқан түркі халқы желтоқсан айын жел айы деп те атайды. Биылғы желтоқсан еліміз үшін, әсіресе, екібастұздықтар үшін ауыр соғып отыр. Қыстың көзі қырауда, азынаған ақтүтек аяздың өміне енген мезетінде жылусыз қалу оңай ма! Апат алты ағайынды деп зорайтқымыз келмейді-ақ, десе де еліміздің бірнеше өңірінде жылуға қатысты жайсыз хабар қылтып жатыр шетінен.

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

Өмірімізге ғаламтор деген ғажайып енгелі пайдасын да, зиянын да көріп жатырмыз. Тілі шыққан баладан бастап, еңкөйген қарияға дейін қолымыздағы айфон-смартфонға телмірдік те қалдық. Қоғамдық келік, базар-дүкенді былай қойғанда, той-томалақта шұқшиямыз да отырамыз. Интернеттің кейде пайдасынан зияны көп пе дейсің... Мәселен, соңғы жылдары виртуалдық кеңістікте алаяқтық құлашын кең жайды. Қаржы пирамидасы, психолог-коучтардың тұзағы туралы ақпарат құралдары жазудай-ақ жазып жатыр. Соған қарамастан, алданатындардың саны көбеймесе, азаяр емес.

(Жалғасы 4-бетте)

АЛАЯҚ КӨП БОЛСА, АҢҚАУДЫҢ СОРЫ



ЖҰЛЫНҚҰРТ

СЕРІКТЕС ПЕН СТЕРЕОТАКСИСТІҢ АРАСЫ



Қордайдан ары жол тартсаңыз, көп ұзамай осы күнге дейін не аты, не жол жағасындағы аты жазылған көк түсті көрсеткіш тақтайшасы өзгермеген «Степное» деген бір ауыл алдыңыздан шығады. Қақпақ, Дегерес, Жамбыл, Ешкілі... деп тізіліп тұрған қазақ ауылдарының арасына бұл «Степное» қайдан тап болған? Селоға кірер ауызда, сол қанатта ұлан-ғайыр созылып жатқан бақша алқабы көз

талдырып созылып жатады. Бір кезде дәл осы шетсіз-шексіз алқапқа, 400 гектар жерге, көдімгі есірткінің тұқымы – қарасора (*cannabis*) қолдан отырғызылған дегенге сенер ме едіңіз! Сенуіңіз екі талай...

(Бұл туралы 5-беттен оқи аласыз)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Ақжүрек Таңатаров – еркін күрестен жазғы Олимпиада ойындарының жүлдесін иеленген үшінші қазақ. Енді осыны тарқата түселік. 1996 жылы өткен Атланта жазғы Олимпиадасында (АҚШ) Мәулен Мамыров жеңіл салмақта қола жүлдегер атанды. 2000 жылы Сиднейде (Австралия) Ислам Байрамуков күміс медаль алды. Одан кейін араға бір мүшел мерзім салып Ақжүрек Таңатаров Лондон жазғы Олимпиадасында қола жүлде алды. Көзі қарақты оқырман 2004 жылы Афина жазғы Олимпиадасында күміс алған Геннадий Лалиевті, 2008 жылы Бейжің жазғы Олимпиадасында финалда сүрініп, күміспен күптелген Таймураз Тигиевті, қола медаль алған Марид Муталимовты неге есепке алмай отыр деуі мүмкін. Рас, бұлар біздің елдің атынан жазғы Олимпиада ойындарына қатысып, жүлде алып берген шетелдік спортшылар. Еркін күресіміздің еңсесін көтереді деп сенген Тигиев пен Муталимов Ресейде, Лалиев Грузияда өмірге келген, сол елдің балуандары. Ақжүректі Мәулен мен Ислам ағаларынан кейін осынау биікке шыққан үшінші балуан атандыруымыздың астары осында жатыр.

Ақжүректің Лондон жазғы Олимпиадасында қола медаль алуы да, сол межеге жеткенге дейінгі спорттық ғұмыры аласапыранға толы. Тәуелсіз елдің ұланы өгейдің күйін көшіп жүріп, түрлі теперішті де, тепкіні де көрді. Өз елінде қағажу көрудің азабын бір кісідей тартқан. Ендігісін өзіне айтқызыдық.

Ақжүрек ТАҢАТАРОВ, Лондон жазғы Олимпиадасының қола жүлдегері:



«БАПКЕР БІЛІКТІЛІГІН КӨТЕРМЕЙ НӘТИЖЕ БОЛМАЙДЫ»

БІЗГЕ НЕ ЖЕТПЕЙДІ?

Jas qazaq: Ақжүрек, әлқиссаны балуандарымызға әлем чемпионатынан бұйырмай келе жатқан алтын медальдан бастасақ. Қазақ елінің үкілеген үмітінің бірі саналған Нұрқожа Қайпанов қайбір жылы жеңілістен кейінгі өкінішті сәтінде «Неден кемшілік кеткенін білмейміз, бірдеңе жетпей тұрғандай сезілді. Үйдің бетін көрмей жаттығу жиындарында жүрміз» делі. Не жетпейді біздің балуандарға? Неден қағажу көріп келе жатыр?

Ақжүрек Таңатаров: Сұрағыңыздың астарында нені мензеп отырғаныңызды түсіндім. Біздің балуандарға әлем чемпионатының алтын, жазғы Олимпиада ойындарының алтын медалі неге бұйырмайды дегенді сұрап отырсыз ғой. Осы салада сан жылдар тер төгіп, әлі де спорттың бір пушпағын илеп жүрген маман ретінде айтайын. Оқу-жаттығу жиындарын өткізе бергеннен, жарыстан жарысқа балуанды сала беруден дәреже-денгей өседі деген түсініктен арылу керек. Мысалы, қараныз, осы күнде Әзірбайжан балуандары әлемнің үздік бестігіне енетін деңгейге жетті. Қалай? Ертеректе Әзірбайжандар осындай дәрежеге көтеріледі дегенге көңіл сенді ме? Олар өздерін шындау үшін, балуандарының біліктілігін арттыру мақсатында жаттығудан жаттығу өткізе берген жок. Шетелден білікті бапкер әкеліп, өздерін өсірді, кем тұсын бүтінделді, деңгейін көтерді. Бізде балуандар шама-шарқы жеткенше, әлі келгенше күресіп жүр деп айта аламын. Әзірбайжанды неге тілге тиек етіп отырмыз? Олар өздерінің бапкерлерінің деңгейін біледі, паркын саралай келе, шетелден бапкер шақыртып, шәкірттерін шындау дұрыс жол деп түсінді және кателескен жок.

(Жалғасы 3-бетте)



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
78,16

DOLLAR
473

EURO
494

РУБЛЬ
7,2

ЗАҢ ЖОБАСЫ

«Қоғамдық бақылаудың мақсаты – азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысуын қамтамасыз ету. Қоғамдық бақылаудың басты қағидаты – заңдылық, жариялылық, ашықтық пен айқындық, қоғамдық бақылау субъектілерінің өз еркімен қатысуы мен тәуелсіздігі».

Мәжілістің жалпы отырысында ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда таныстырды.

және оларды интернет-ресурстарда орналастыруға, мүдделер қақтығысын болдырмауға, қауіпсіздік шараларын сақтауға, субъектілерге қолжетімділікті қамтамасыз етуге және т.б. міндетті болады», – деп атап өтті Дархан Қыдырәлі.

Сонымен қатар қоғамдық бақылаудың негізгі формалары ретінде қоғамдық мониторинг, қоғамдық сараптама және қоғамдық тыңдау ұсынылады.

Айта кеткен жөн, қоғамдық бақылауды іске асыруға 18 жасқа толмаған, соттылығы өтелмеген, наркологиялық немесе психикалық есепте тұрған адамдар жіберілмейді. Сондай-ақ қызметінде шетелдің қатысы бар, қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған коммерциялық емес ұйымдарға шектеу қойылады.

Петицияны еліміздің азаматтары арнайы интернет-портал арқылы бере алады. Ал уәкілетті орган петиция жария болғанша заңда бекітілген шарттарға сәйкестігін анықтайды. Петиция берілген күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде оған кемінде еліміздің 150 азаматының қосылуы қажет. Министрдің мәліметінше, мұндай тәжірибе петиция институты құрылған бірқатар елде қолданылады.

«Петицияны міндетті түрде қарау үшін оны қолдайтын дауыстардың шекті мәндері бар. Айталық, аудандық деңгей (әкімдіктер) халқы 50 мыңнан асатын болса, 2,5 мың дауыс, қалғандары үшін халық санының кемінде 5 пайызы болуы керек. Ал аудандық деңгей (мәслихаттар) – халқы 50 мыңнан асатын болса, 5 мың дауыс, қалғандары үшін халық санының кемінде 10 пайызы», – деп түсіндірді министр.

Облыстық деңгей (әкімдіктер) – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің тұрғындарының 1 пайыз дауысы, облыстық деңгей (мәслихаттар) – тиісті әкімшілік-аумақтық халқының кемінде 2 пайызы, республикалық деңгей (Үкімет) – кемінде 50 мың дауыс.

«Петицияны қарау барысында мемлекеттік орган петиция авторын шақырып, хабардар ете отырып, мемлекеттік орган шешімінің жобасын жария талқылауды ұйымдастырып, жеке комиссия немесе жұмыс тобын құрады. Мұндай шаралар петициялардың қоғамдық мәртебесі мен маңызын арттыруға мүмкіндік береді. Петиция бойынша шешімді мемлекеттік органның бірінші басшысы ғана қабылдайды», – дейді Дархан Қыдырәлі Мәжілісте.

Мәслихат депутаттарына петицияны ілгерілету кезеңінде қол жинауға қатысу, мемлекеттік органдардың петицияларды қарауына мониторинг жүргізу, петицияларды қарау бойынша өз округінің сайлаушыларын хабардар ету және тағы басқа өкілеттіктер беру үшін «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға өзгерістер енгізу ұсынылады.

Мәжілістің жалпы отырысы аяқталғаннан кейін журналистердің сауалына жауап берген Дархан Қыдырәлі: «Бұл заң бүгінді ғана емес, болашақты да қамтиды. Алдағы уақытта барлық жер интернетпен қамтылады. Қазір ауыл тұрғындары өтінішті өз әкімдіктеріне немесе «Қазпоштаға», Халыққа қызмет көрсету орталықтарына немесе тікелей министрлікке жібере алады. Біз оларды рәсімдеп, платформаға орналастырамыз. Ол аудан, облыс немесе республикалық деңгейдегі өтініш болса да, тиісті жауап беріледі. Мұнымен біз айналысамыз. Сондықтан ешкімнің сұрағы елеусіз қалмайды», – деді.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.т⁰

ҚЫС БОЛҒАН СОҢ КЕТТІ КҮЙ...

(Басы 1-бетте)

Сол келелі жиында жылумен қамтамасыз етуге дайындықты толыққанды жүзеге асырып, кестеге сай жұмыс жүргізуде Павлодар облысында кемшілік бар екені де сөз болған.

«Халыққа жылу уақытымен беріліп, көмір жеткізуге байланысты проблема болмауы тиіс. Көмір тапшылығы жыл сайын қайталанатын үйреншікті жағдайға айналып барды. Көмір бағасының күрт өсуі, уақытында жеткізілмеуі, өңірлерде көмір қорын дер кезінде жинап алмау – осының барлығы халықтың наразылығына алып келеді. Бұған жол беруге болмайды», – деді Үкімет басшысы осыдан дәл үш ай бұрын. Рас, бұрынғыдай көмір тұйықтарында ұзын-сонар кезек, тіпті адам өліміне әкеп соқтырған қайғылы оқиғалар болған жоқ. Бірақ әлі де көмірдің тапшылығы, жетімсіздігі қиыр жайлап, шет қонған қамқөңіл ағайынның жүдеу-жадау көңілін жабырқатып отыр. Ойқы-шойқы жолмен жарлауытты жағалап, тау асып, тас басып, Ойқарағайдан көмір әкелушілердің жолына көзін төсеп, тасбигын тартып тілеулес болып жүреді Райымбек, Кеген ауданының халқы. Қаражыра мен Шұбаркөл көмірі де қала жақтан жиі жеткізілмейді, өте қат. Даладағы ағайын азынаған аязда таскөмірдің тапшылығынан тарығып отырса, қалалықтар жылу электр орталығындағы апаттың аранында қалып, бүрсеңдеп жүр. Ал әкімдер «жылу маусымына сакадай-саймыз» деп есеп береді...

Қыс айының әлі қаһарына мініп, күш алып, аяз қаритын шағы алда. Ескінің есінді екеу, түсінді төртеу ететін ғадеті емес пе, Екібастұздағы қалпына келтіріп жамап-жасқаған құбырлардың бірі тағы да жарылды. Аяз бұған сайын жылу орталықтарындағы қазандықтардың да сыры кетіп, құбырлар да шыдаас бермей жығылғанға жұлдырық болмаса деген тілеуестікпен отырмыз бәріміз.

Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Премьер-Министр Екібастұз қаласындағы жылу электр орталығындағы төтенше жағдай орын алған келенсіздікке байланысты жөндеу жұмыстарының атқарылу барысы жайында баяндап шықты. Қабылданған шаралар қаланы қиын жағдайдан шығаруға септігін тигізді. Екібастұзға келген Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз етуді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарға жедел басшылық жасау тапсырылды. Бұл бағыттағы жұмыстар аяқталуға жақын.

Мемлекет басшысы Үкіметке қалаларды қысқы жылыту маусымына дайындау кезінде жіберілген қателіктерге мұқият талдау жүргізу міндетін жүктелді. Сондай-ақ Екібастұзда және басқа да елді мекендерде қалыптасқан күрделі жағдайды түбегейлі өзгерту үшін нақты шешімдер қабылдау тапсырылды.

Бүкіл ел аумағында «қызықпен жүріп, жазды алып», жылу қазандықтары мен жылыту жүйесі үшін тартылған құбырлардың ескіргенін дер кезінде ескермей, «қолымызды мезгілінен кеш сермейтіндей» жағдай қалыптасқаны шындық. Мәселен, Шығыс Қазақстандағы жағдай да мәз емес. Риддердегі жылу электр орталығындағы бір емес, төрт қазандық бауырына алау бармай жатып-ақ, жылу маусымы басталар шақта жарамсыз болып, істен шықты. Облысты он жылға жуық басқарып келе жатқан, жуырда осы қызметіне қайта тағайындалған Даниял Ахметов сол кезде жылыту маусымына әзірлікке атүсті қарап, қазандықтарды жөндеуден өткізбегендер жауапкершілік арқалайды деп үрейлендіріп те қойды. Бірақ оған ығып, обал мен сауаптан қорқатын жауапты жан бар ма?

Басшысына қосшысының есеп-қисап бергенде қисынын қиыннан қиыстыра келтіріп, қағаз жүзінде ауруды дындай етіп айтуының салдары осындай жағдайға жеткізіп отыр. Алда әлі алты ай қыс бар еліміздің кейбір өңірінде. Аяз алда қаріне мініп, қантарда қатұланып, ақпанда қырланбасын дейік. Әйтпесе, екібастұздықтардың басындағы кеп басқа өңірделерге де келуі мүмкін, бетін аулақ қылсын, бірақ.

Қуан РАХМЕТ



Аталмыш заң жобасында «қоғамдық бақылау» ұғымы айқындалды. Қоғамдық бақылау объектілері – жергілікті және орталық органдар, квазимемлекеттік субъектілер, орталық және/немесе жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылар. Ал қоғамдық бақылау субъектілері – ел азаматтары, Қазақстанда тіркелген коммерциялық емес ұйымдар.

Министрдің айтуынша, қоғамдық бақылау субъектілері мен объектілерінің құқықтары мен міндеттері нақтыланады. Мәселен, қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық бақылау топтарын құруға, сарапшыларды тартуға, ақпарат сұратуға, қоғамдық бақылау объектілерінің әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдануға және т.б. құқылы болады. «Объектілер қоғамдық бақылау нысандарының ұсынымдарын қарауға

Ақпарат және қоғамдық даму министрінің айтуынша, қоғамдық бақылау нәтижелерін қарау нормалары бекітілді. Оған сәйкес, қоғамдық бақылау объектілері қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды құжатты 10 күн мерзімде қарап және дәлелді жауап жіберуі керек. Қоғамдық бақылау объектілері мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті қарау үшін шаралар қолдануға міндетті.

Дархан Қыдырәлі заңға, сонымен бірге петиция ұғымы енгізіліп, оның жұмысы регламенттелетінін айтты. Заң жобасы петиция институтын регламенттеу, сондай-ақ ақпаратқа қол жеткізу саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі түзетулерді де қамтиды.

Заңнамада петиция сөзіне түсінік беріліп, Әкімшілік рәсімдік-процесс кодексінде петицияларды беру және қарау тәртібі бекітілген.

Аптаның сауалы

САУАЛ

Бала 6 жасқа толған соң балабақшадан шығарып тастай ма?



ЖАУАП

Наталья ЖҰМАДИЛДАЕВА, оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі білім департаментінің директоры:

«Нормативтік-құқықтық актілерде, мысалы, бала қаңтарда немесе ақпанда 6 жасқа толса, оны мектепке дейінгі ұйымнан шығаруға болмайтыны туралы норма анық және нақты бекітілген. Бұл жағдайда бала 6 жасқа толғанына қарамастан, ол мектепке дейінгі ұйымға тамыз айына дейін, яғни тиісті бағдарламаны игергенге дейін бара алады. Содан кейін бала 1-сыныпқа қабылданады».

Тариф		Орталықтан жылыту тарифтері	
		1 Гкал 2022 жылғы қазан	
Астана	2454 тг	Қостанай	4147 тг
Алматы	4833 тг	Қызылорда	2504 тг
Шымкент	4470 тг	Орал	3965 тг
Ақтау	2627 тг	Өскемен	3379 тг
Ақтөбе	2886 тг	Павлодар	2377 тг
Атырау	5269 тг	Петропавл	3645 тг
Жезқазған	3096 тг	Талдықорған	2687 тг
Көкшетау	1856 тг	Тараз	2341 тг
Қарағанды	3390 тг	Түркістан	3208 тг
Қонаев	2201 тг	Семей	3750 тг

Дереккөзі: Ұлттық статистика бюросы



Аманжол ӘЛТАЙ, Мәжіліс депутаты:

«Семей полигонының зардабын шеккеніміз, еңсесін тұз басқан Аралдың қасіретін көргеніміз, гептидің уын жұтқанымыз аз болғандай, Теміртау қаласының асқынған экологиялық ахуалы еңселі ел көңілін аландатып отыр. Қазіргі кезде Теміртауды Теміртау емес, шын мәніндегі Түтінтау десек болады. Бұл қалада аспаннан жауған аппақ қардың өзі жерге қонғанда адам шоштып қара түске боялады. Қап-қара қардың үстінде ащы түтін мен ұлы газға тұншығып, күркідеп жетеліп бара жатқан қала тұрғындарын көргенде қабырғаң қайысады.

Теміртау қаласы бойынша шығарындылардың нақты көлемі 2021 жылы 243 мың, 2020 жылы 242 мың тонна деп көрсетілген. Алайда бұл статистикалық деректер шындыққа сай емес. Мәселен, 2019 жылы азот диоксиді 12 есе, күкірт сутегі 13 есе, күкірт диоксиді 10 есе асып кетуімен зиянды заттардың 61 жағдайы тіркелген. Сондықтан сараптау жүргізіп, нақты ақиқатты ашып көрсететін тәуелсіз экологиялық эксперттік аудит жүргізуді талап етеміз».



алтын медалін олжалап, мерейін өсіруді көздеп бардым. Барымды салдым, іріктеу кезінде өзімнің тегеурінімді байқаттым. Тіпті армян балуанының қасында жүрген «жансыздары» белдесуді сатсаң деп саудаға да тартқысы келді. Мемлекеттің мүддесі, елімнің намысы үшін сын сәтінде тұрып саудаласпайтынмыды айттым. Үндіс балуаны төрешілердің аузын майлап қойса керек, мені қараулықпен жықпаса әлі келмейтінін түсініп, осындай лас әрекетке барды. Сонда бапкерлерім челлендж жасап,



Спорт — өте күрделі, қиындығы көп өзекті өріс. Бұған тәуекел етіп, бел буып келдің бе, отына да күйессің, суығына да төзесің. Күніне үш мезгіл жаттығу жасау — қалыпты құбылыс. Жылдың он екі айы бар болса, соның он айын сыртта өткізесің: оқу-жаттығу жиындары, түрлі жарыстар, чемпионаттар бар. Спортшы да адам, темір емес, жүрегіне салмақ түседі, кажиды, шаршайды. Осындай

ЖАСТАРДЫ ӨСІРУ ҮШІН АТҚАРАР ШАРУА ШАШ-ЕТЕКТЕН. СПОРТ ИНТЕРНАТТАРЫ, СПОРТ МЕКТЕПТЕРІ, ОРТАЛЫҚТАР БАР. МІНЕ, СОЛ ЖЕРДЕГІ ЖЕТКІНШЕКТЕРГЕ КҮРЕСУДІ ҮЙРЕТЕТІН БАПКЕРЛЕРДІҢ ДЕ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ КҮН ТӨРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ ЕКЕНІН ОСЫНДАЙ ОЛҚЫЛЫҚТАР ӘЙГІЛЕП ОТЫР.

өткелектен өтіп, талас пен тартыстың арасында жүріп, қиянатты көргенде барлығын сап тыйған кезім де болды. 2008 жылы «күресті доғардым» деп өзімді-өзім қаңтардым. 22 жастағы спортшыға оңай шешім емес. Сонда мені бала күнімде күреске қолымен жетелеп, кілемге шығарған әкем қатты ренжіді. «Ер мінезді азамат өсірдім деп жүргенде, ездігіңді көрсетпе, сен Олимпиаданың медалін алуға тиіссің. Мейлі, жолында қандай қиындық, кедергі, аяқтан шалу орын алса да сынбауың керек. Сол межеге жетуің үшін мен ештенеден аянбаймын» деп қамшылағанда қайта ширықтым. Өйткені әкем мен анам бар тапқанын менің жолыма жұмсап, қолдан келер



кейін 2017 жылы Азия біріншілігінде алтын медаль еншіме жазылды. Содан кейін көп өтпей әлем чемпионатында қола медаль бұйырды. Алла менің пешенеме Олимпиаданың қоласын, Азияның алтын медалін, әлем біріншілігінің қола жүлдесін жазған екен, тәубе етемін.

БЕЙЖІҢГЕ НЕГЕ ЖОЛ ТҮСПЕДІ?

Жас qazaq: Ақжүрек, енді өзіңіз спортта қысастықты көрудей-ақ көрдініз. 2008 жылы Бейжің Олимпиадасына баратын мүмкіндік те болды. Өйткені сол жылдары ұлттық құрамада 66 келіде Танатаровтың тегеурініне төтеп беретін балуандар некен-саяқ еді. Сырттан әкелген легионерлердің өзін жыққанынызбен де жолыңыз болмады.

Ақжүрек Танатаров: 2008 жылы Бейжің Олимпиадасының қарсаңында 66 келіде төртжылдық додасына қай балуанды апарамыз деген сауал бапкерлердің «бас ауруына» айналды десем, өтірік болмас. Украиналық Олимпиада чемпионына ағайынды Белоглазовтардың турнирі өтті Калининград қаласында. Сол жарысқа аттанарда бапкерлер 66 келіде қай балуанның жұлдызы жанады, Бейжің Олимпиадасына қосамыз деген бәтуаға тоқтады. Бардық, қарсыластарым — Ресейден әкелген легионерлер Леонид Спиридонов, Абдулхаким Шәпиев. Үшеуіміздің арамыздан мықтыны анықтау үшін бапкерлер белдесуге салды. Спиридоновты Шәпиев жеңді, ал мен Шәпиевті ұттым, кезек Леонид Спиридоновқа келгенде ол күресуден бас тартты. Демек, жол менікі, Бейжіңге алаңсыз дайындалуым керек еді. Амал қанша, Леонид Спиридоновты алып барды. Ол қола жүлде үшін күресте үндістандық балуанға есе жіберіп, құралақан қайтты.

жағдайдың барлығын жасады. Осының бәрін көріп өскендіктен әкемнің аманатын қайтадан арқаладым. 2009 жылы спортқа қайта оралып, жаттығуға кірістім. Ел чемпионатында олжа салып, қарсыластарымның бәрін жықтым. Сол жылы әлем чемпионаты Данияда өтуі тиіс еді. Қазақстан чемпионатында жеңімпаз атанған спортшы қырсық шалып жарақаттанып қалмаса, әлем біріншілігінің дуына баруы тиіс, жол сонікі. Біз де аянбай тер төгіп, жаттығуда барымызды сала әзірлік өткізіп, әне-міне жол жүреміз деп қамданып отырғанда менің салмағымда Ресейден әкелген Леонид Спиридонов баратын болды делі де, сол балуанға үміт артты.

Жас qazaq: Спорттағы әділетсіздікті көрдіңіз, келешекте бапкер ретінде сіздің де шәкірттеріңізді жолын қасақана кесіп, қиянат жасайтын болса, қайтесіз.

Ақжүрек Танатаров: Төбелесуге дейін барамын, өйткені менің шәкіртім күйіп кетпеуі керек. Баланың рухы сынбауы керек. Күшік кезінен таланған деген сөз бар, сондықтан да әділетсіздікке бала күнінен ұрынса, көңілі суып кетуі мүмкін спорттан.

Көптеген бапкерлерді енбектенуге тым еріншек деп санаймын. Балуан болатын баланы жеткіншек шағынан жетектеп жүріп жеткізуге аз күш кетпейді. Одан да сырттан легионер тартып, «дайын асқа тік қасық болу» оңайырақ. Дайын балуанды әкеліп, еншісіне жазып алып, марапатқа кенелуге кім қызықпайды. Жылтыраққа, жеңіл дүниеге тым әсіреқызығушылығымыз оянып кетеді ғой. Бапкерлер өзінің біліктілігін арттырып, жетілдіріп отырғанда ғана ісінің нәтижесін көреді.

Сұхбаттасқан Қуаныш РАХМЕТ

(Басы 1-бетте)

Өкінішке қарай, біздің елде бапкерлердің кейбірі «өзін білме, білгеннің тілін алма» деген қарғыс іспетті кертартпалыққа бой үйретіп алғандай. Денгейінің төмен екенін мойындағысы келмейді, білмесе де «білемге» салып өлермендене ұмтылады. Бапкер біліктілігіне қатысты бір мысал айтайын.

Жас qazaq: Иә, айтыңыз.

Ақжүрек Танатаров: Жамбыл облысының бокс мектебі елімізде өте тегеурінді саналады, оны білесіз. Кешегі Серік Қонақбаевтардан, қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы Болат Жұмаділов, Сидней Олимпиадасының чемпионы Ермахан Ыбырайымов, жазғы Олимпиаданың қола жүлдегері Болат Ниязымбетов, Афина

қажет. Жағдай жасап, мүмкіндікті молынан тудыру керек. Содан кейін ел біріншілігі алдында интернаттардың арасында, спорттық мекеме, мектептің өз ішінде бәсекені күшейтіп, белдесуге салу керек. Осындай қайнаудан шыныққан бала шындалмағанда қайтеді? «Мына елден Олимпиада чемпионы шықпайды» деп кесіп айтуға болмайды. Қыс мезгілі дегенді білмейтін Аустралия 2002 жылы өткен Солт-Лейк-Сити қысқы Олимпиадасында шорт-тректен алтын медаль алған жоқ па! Мұның бәрі де өнімді енбек пен тындырымды дайындықтың өтеуіне келетін олжа.

Тұлпар болар жүйрікті құлын күнінен баптағаны секілді, балаларды шыңдауды шынға шығарған елдің спорты өркендейді. Мен күресті 31 жасымда доғардым. Өзімнің мысалымда айтайын, маған, яғни отыздағы балуанға күрестің қыр-сырын үйреткеннен пайда көп пе, әлде өсіп келе жатқан

Ақжүрек ТАҒАТАРОВ, Лондон жазғы Олимпиадасының қола жүлдегері:

«БАПКЕР БІЛІКТІЛІГІН КӨТЕРМЕЙ НӘТИЖЕ БОЛМАЙДЫ»

Олимпиадасының чемпионы Бактияр Артаев деп тізбеленіп кете береді. Жамбыл облыс әкімі қызметін атқарған жылдары Қанат Бозымбаев Әулиеатаның боксын одан сайын биіктету мақсатында Қубадан білікті бапкер әкелуге күш салды. Осыны жүзеге асырды да. Нәтижесі қалай болды, кубалық маманның алдын көрген жамбылдық жампоздар Қазақстан чемпионатының бірнеше салмағында жеңімпазы атанды. Көрсеткіш пе, көрсеткіш! Нәтиже ме, нәтиже! Амал жоқ, облыс әкімі қызметінен кеткеннен кейін бапкер де тұрақ

жеткіншекті шыңдап келешегіне үміт арту тиімді ме? Токетерін айтқанда, спортта асарын асап, жасарын жасап, «өрі бітіп, енісі қалған» шақта шыңдау деген көңілге аса қонымды емес. Өйткені күресудің әліппесін тісқаққан балуан бала күнінде үйреніп алған, әдіс-тәсілді де менгергендіктен қажеті шамалы. Жарыс болсын, оқу-жаттығу жиындарына барғанда байқаймыз, дамыған елдердің басым көпшілігі спортты өрістетуге дегенде жас ұрпақты шыңдау деп қабылдайды, сол бағытта жұмысын өрбітеді. Дағыстандық балғын балуандардың



тапқан жоқ, әйтпесе, талай шынға шығаратын еді. Міне, мысал. Білікті бапкер шақыртып, содан кейін әр салмақта балуандарымызды шарболаттай қайрау үшін тегеурінді балуандарды серіктестікке шақырту керек.

Жас qazaq: Бәсеке демекші, кезінде өзіңіз белдескен салмақта бірнеше балуандар болды, олардың дені легионер еді.

Ақжүрек Танатаров: Мен белдесуге түскен салмақта Абдулхакім Шәпиев, Леонид Спиридонов, Семён Семёнов сынды балуандар болды. Сіз айтпақшы, көпшілігі сырттан келген балуандар. Жаттығуда босандық таныттын ба, ірі жарыс алдындағы іріктеуде ұтылдың ба, әлемдік додаға шыға алмайсың, бәсекелестік тым жоғары. Қазір қалай, әр салмақта дәл біздің кезіміздегідей қарсыластық жоқ. Әділет Даулымбаев спорттық өлшеммен алғанда «жер ортасы жасына» келді, 34 жастан асты. Жас балуандарымыздың арасынан әлі де Әділетті ығыстыратын, Даулымбаевты жығатын жампоздың шықпауына қарап та еркін күресіміздің денгейін саралауға болар деп пайымдаймын.

Жастарды өсіру үшін атқарар шаруа шаш-етектен. Спорт интернаттары, спорт мектептері, орталықтар бар. Міне, сол жердегі жеткіншектерге күресуді үйрететін бапкерлердің де денгейін көтеру күн тәртібіндегі мәселе екенін осындай олқылықтар әйгілеп отыр. Спорт интернаттары арасындағы бәсекелестікті көтеру қажет. Алдымен білікті бапкерлерді

күрес өнерін көрсеніз, көзіңіз тояды. Олар шоу жасайды кілем үстінде, әдіс-тәсілді кемеріне келтіре орындайды. Мұның барлығы да үйретуші, баулушы бапкердің дәреже-денгейіне байланысты. Сондықтан да әр облыста жеткіншек балуандардың бәсекесін жандандырып, от беретін, дәрежесін өсіретін білікті бапкерлерді тарту керек дер едім.

ӨТЕЛМЕЙТІН ӨКІНІШ

Жас qazaq: Арада он жылдан аса уақыт өтті. Дегенмен де кеудедегі жұдырықтай етке беріштей болып қатқан бір өкініш барын өзіңіз үнемі айтып жүрісіз. Ол өкініш — 2012 жылы Лондондағы жазғы Олимпиада ойындарының жартылай финалдық белдесуіндегі әділетсіздік. Тура мағынасындағы қыршаңқы үндіс балуанын ұтқаныңызда Олимпиаданың алтын медаліне сынық сүйем жақын қалар еді.

Ақжүрек Танатаров: Мұндай мүмкіндікті Алла маған бір-ақ рет берді ғой, мен соны уысымнан сусытып алғанымға ішім удай ашылды. 2008 жылы Бейжің Олимпиадасына «барғызбасым» барғызбады, апарған жоқ. 22 жасқа толғам, нағыз бабымда жүрген балуан едім, артық салмақ қуу да аса қиындық тудырмайтын, күшімді де көп сарқымайтын едім. Басшылық та, бапкерлер де сырттан келгенді мықты санап, Қытайға алып барды. Одан кейінгі мүмкіндік осы Лондонда туды. Оның өзінде де талай «от пен судан» өтіп, «тар жол тайғақ кешуде» жігерімді жыққысы келетіндерге қасқайып қарсы тұрып, өзімнің мықтылығымды дәлелдеген соң ғана делегация құрамына қосты. Лондон жазғы Олимпиадасының жартылай финалдық белдесуі. Үндістандық Сушил Кумар иненің күзбен өткен аялакер, қу екен. Жанталасқа түскен, арпалыс кезінде төрешінің көзін ала беріп, құлағымнан қыршып алды. Иә, көгілдір экраннан дүйім жұрт, төрткүл дүние көріп отыр. Спорттың ережесіне мүлде қайшы қылық қой Кумардың әрекеті. Сондағы өкінішім, кілем шетінде отырған бапкерлерімнің қарсылық танытып, төрешіге ескерткенде бәрі басқаша өрбیتін бе еді. Кумарды ұтып финалға шықсам, барымды салар ма еді алтын медаль үшін. Өзегімді сол өкініш өртейді.

Жас qazaq: Бұйырмағаны шығар, десе де елге құралақан келген жоқсыз, Танатаровтың кеудесінде қола медаль жарқырады.

Ақжүрек Танатаров: Әрине, тәубе дейміз, бірақ мен елімді Олимпиаданың

тартып, өзімізден таба алмасaq, шеттен шақыртып, балғын балуандарды мектеп қабырғасынан шыңдалудың жолына салу



TIRSHILIK

www.jasqazaq.kz

Өмірдің өзінен

(Басы 1-бетте)

Біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз – алаяқтықтың сан түрінен зардап шеккендер. Олар басқаларға сабақ болсын деген ниетпен бастан көшкен оқиғаларымен бөлісті.

АРЗАН ТАУАРҒА АЛДАНДЫ

Ержан Тоқтар — Атырау өңірінің тұмасы. Жасы – 22-де, мамандығы — оператор. Ол әлеуметтік желідегі «Түркияға тапсырыс беріңіз, арзан бағаға ыдыс-аяқ алып, пайдаға кенеліңіз» деген жарнамаға сеніп, біраз ақшасынан қағылып қалыпты. Қалай болғанын кейіпкеріміздің өз аузынан білейік.

«Азын-аулақ жинаған ақшам болатын. Шағын кәсіп ашудың жолын іздеп жүргенмін. Бір күні Инстаграм желісінен «Түркиядан тікелей тауар» дегенді көзім шалды. Толық ақпарат алу үшін жарнамаға басып калсам, тапсырыс алушы «барлық сұрағыңызға жауап береміз»



алаяқтың арбауына түскеніме көзім жетті. 300 мың теңгені дау қылып, шағым түсіруге де көңілім соқпады. Тек мен сияқты алданып қалмаңыздар деп басымдағы оқиғамен бөлісіп отырмын. Тым болмаса, алданған адамдардың саны азайсын».

ЖАЛҒАН МАХАББАТ ҚАЛТАСЫН ҚАҚТЫ



Шетелдік жігітпен отау құрып, үйлі-баранды боламын деген келіншектің арманы күл-талқан болды. Жасы отыздан асқан Нұрғұл танысу сайтына тіркеліп, жар іздейді. Өзі туралы қысқаша мәліметті енгізіп, суретін жүктегеннен кейін хаттар келе

бердім. Хат жазыса бастадық. Халил танның атысынан кештің батысына дейін гүлдің суретін салып, неше түрлі жылы сөздер жазды. «Дубайда бірнеше ресторан желісі бар тәжікстандық азаматпын, әйеліммен ажырасқанмын» деп жазды. Басы бос азаматпен сөйлесуден мен де кет әрі емеспін. Бақытымды тапқандай болып, үйдегі анам мен балама көңіл аударуды қойдым. Күндіз жұмыста болсам, кеш батысымен телефонға телміремін. Шетелдік жігітім неше түрлі қызық әңгімелер жазады. Арасында аудио хабарламамен де сөйлесіп тұралы. Тек бейне хабарламамен хабарлассам, түрін көрсетпейді. Ананы-мынаны сылтауратып, жакын арада Алматыға келетінін айтып жұбатады. Бір-екі ай өткеннен кейін «Жаным, екеуміз үйленеміз, менің іздегенім де сендей жан» деп жазды. Осы аралықта кәдімгідей бауыр басып, оның толассыз келетін хаттарын асыға күтетін болдым. Хат жазып жүрген жігітім екі тәуліктей хабарласпады. Осы аралықта оған бірнеше мәрте хабарласып, хат жаздым. Оның жазбаларына үйренгенім сонша, бір мезетте өмірім тоқтап қалғандай күй кештім. Неше түрлі ойлармен арпалысып отырғаныма жігітімнен: «Жаным, уайымдама, менің бизнесімде кішкене қиындықтар болып тұр. Соны реттеген соң Алматыға келемін. Тіпті билет те алып қойып едім, мына проблемаларды шешкен соң келермін», — деп жазыпты.

«Ойбу қандай қиындық, бәлкім, мен көмектесе алармын?», — деп жауап жаздым. Жігітім: «Жо-жок, өзім бірдене қылармын, әттеген-ай, Алматыға баруыма келергі болып тұрғанын қарашы» деп әрі қарай жұмбақтап жазады. Сонымен не керек, мен оған көмектескім келетінін айтып, күнде хат жазамын. Бір күні Халилден: «Жаным, бизнесімнің салығы төленбей, шоттарымды бұғаттап тастады. Мұндағылар аштыру үшін қомақты қаржы сұрап жатыр, көлігімді ломбардка қойдым. Сонда да сәл-пәл 2 мың доллар ақша жетпей тұр, көмектесе аласың ба? Алматыға келгенде бірден қайтарамын», — деген хабарлама алдым. Тым құрыса, теңгемен бір миллион теңге тауып берейін деп, көрші-қолан, туған-туыс, құрбылардан ақша сұрай бастадым. «Миллион теңге керек» десем, барлығы көздерім бақырайтып ондай ақша жоқ екенін айтты. Соңғы үмітім — банкте. Банкке барып едім, айлығым аз болғандықтан, 500 мың теңге ғана бере алатындарын айтты. Халилге оның сұраған ақшасының жартысын ғана тауып бере алатынымды айтып едім, «қанша тапсам да жібере бер, қалғанын достарымнан алатын болдым, тек 1-2 күн кешіксек, бизнесімнен айырылып қаламын» деп шыққырады. Сонымен банкке қайта бардым. 500 мың теңгені алып, Халил айтқан нөмірге «киви-

әмиян» арқылы салып жібердім. Ол ақшаны досының нөмірі арқылы шешіп алатынын айтты. «Ақшаны аудардым» деп хабарлама жазып едім, жігітімнен хабар жоқ. Бір аптадай күттім, телефонға телмірем де отырам. Тіпті үйдегі анам мен он үштегі балама да назар аударуды қойыппын. Ал Халил болса сол күннен бастап байланысқа шыққан жоқ. Нөмірлері жүйеде тіркелмеген. Танымайтын адамға сеніп, несиеге кіргенімді кейін барып түсіндім. Енді бұл несиеңі төрт жыл бойы төлеймін. Полицияға шағым жазып едім, мұндай оқиғаның мыннан асатынын айтып шығарып салды».

үшін ізден» дегенді қайталай берді. Осы сарындас бірнеше коучтардың сабағына қатыстым. Балам үш жасқа келіп, жұмысқа шықтым. Жолдасым екеуміздің тапқанымыз тамақ, пәтеракы мен балабақша төлемінен аспайды. «Бизнесінді ашып, дамы» дейтін бірнеше онлайн сабақтарға да қатысып көрдім. Олар да жалпылама ақпарат бергеннен басқа, кәсіпті нақты немен ашу керек, неден бастау керек екенін ашып айтпайды. Булардың айтатыны да — мақсат қойып, соған жету. Сонымен керек, үш жылда қаншама психолог пен коучтарға бөленбай ақша жұмсадым. Есептеп көрсем, кәдімгідей бір

АЛАЯҚ КӨП БОЛСА, АҢҚАУДЫҢ СОРЫ

кәсіп ашатын ақша кетіпті. Әлемі киініп алып, әдемі сөйлей білетін алаяқтардың арбауына түскенімді кеш түсіндім. Ондай сабақтарға мен сияқты мың адам тіркеледі. Мың адамнан түскен қаржыны есептей беріңіз. «Аңқау елге — арамза молда» деген мақал бекер айтылмаған екен. Ондай «мыстандар» мен сияқты мыңдаған адамның қаржысына қалтасын кампайтады. Алаяқтар адамның эмоциясымен, психологиясымен ойнайды. Жанды жерімізді дөп басып, ақыл айтқанда, қалай сенгенінді өзін де сезбей қаласың. Ондай «бизнесі жоқ бизнесмендер» жалған сөзбен арбайтын нағыз «ораторлар». Біз олардың жылтыраған өміріне алданамыз. Бірі Түркияда, бірі Дубайда, бірі Америкадан тікелей эфирде сабақ жүргізеді. Ал біз сол жылтырақ әлемге сеніп, олардан үміт күтеміз. Түсінгенім, өмірінді өзгерткің келсе, ешкімді тыңдамай, тек өзіне

✦ МАМАН ПІКІРІ

Нұрсұлу АРАЛБАЕВА, ПСИХОЛОГ:



«Байлыққа жылдам көнеліп, адам сенгісіз қаржыны иеленемін деген өрбір адамның ар жоғында өткір әлеуметтік мәселе тұр. Ондай кезде адамдар өзінде жоқ нәрсеге қол жеткізу үшін тәуекелге баруға дайын. Интернетке көшу уақыт талабы екенін білеміз. Бұл – қазіргі жаһандану үрдісі. Өйткені желі арқылы да пайда табуға болады. Ондағы аудиторияның ауқымы кең. Жеке қарым-қатынастың болмауы жұмысты тіпті жеңілдетті. Адамның жүзін көрмесең, оны алдау оңайға соғады. Оны ішкі эмоциясы арқылы басқару оңай. Адам қобалжып, ойы сан-саққа шашыраған кезде шешім қабылдауы төжеледі. Бұрын кешеді сығандар адамдарды алдап-арбап, алтыны мен ақшасын үлтеп кететін. Алаяқтар қандай да бір жолмен сенімге кіруге тырысатын. Қазір бұл адам қобалжыған кезде басқаруға дайын тұратын манипуляцияға айналады. Қатты әсерлену, сезімге берілу ойлауды шектейді, соның нәтижесінде себеп-салдарға құрылған байланыстар бірнеше есе баяу жұмыс істейді, кейде тіпті жұмыс істемейді. Қарапайым адам өзін алдауға, нәтижелерді бұрмалауға, айла-шарғы жасауға бейім болса, алаяқтың торына түседі. Бұл – алаяқтар үшін ең жақсы құрбандық, олар бір-біріне тартылады. Жеке көзқарастың, сыни ойлаудың болмауынан қалыптасатын өте қызық алдау механизм. Сыни ойлаудың болмауы ақыл-ой, оның ішінде эмоционалды дамудың төкелей байланысты екенін білеміз. Алаяқтық құрбаны – өзінің қарым-қабілетін бағалай алмайтын адам. Мұндай адам ақша табудың күменді түріне жүгінбей, жақсы өмір сүру үшін өзінің қабілетін дамытуы керек».

КОУЧ ӨМІРІМДІ ӨЗГЕРТПЕДІ



Алматының тұрғыны Раушан «Үш жылдан бері қаншама психолог-коучтардың сабағына қатыстым, қыруар қаржы төледім. Өмірім өзгерген жоқ» деп налиды. Ол әлеуметтік желіде танымалы бар, танымал емесі бар, психолог-тренерлердің сабағына үзбей қатысыпты. Тіпті олар айтқан адам нанғысыз «техниканың» бәрін жасапты. Жастыққа қырық ине қадап, қырық тілек тілесе де, ақшаны бөлменің төрт бұрышына тықпыштаса да, түк өзгеріс жоқ.

«Ең алғаш рет баршаға танымал акын қыздың сабақтарына қатысып жүрдім. Жабық сабақтары 3000-15000 мың теңгенің аралығында. Үйде баламен отырғаннан кейін, өмірімді өзерткім келді. Өзімді дамытайын деп шештім. Жолдасым да ол ойымды қолдап, қажетті ақшаны беріп отырды. Ол осыдан үш жыл бұрын болатын. Қосыл деген уақытында қосыламыз, әлгі кісі «Өзгергің келсе, ең алдымен, сана-сезімді өзгерт. Ешкімді тыңдама. Мақсат қой, мақсатқа жету

сену керек! Қазір екі жерден жұмыс тауып, екеуіне уақыт тауып үлгеріп жүрмін. Жолдасым да қосымша жұмыс істеп, болашақ үйімізге қаржының басы құрала бастады. Тек енбекпен ғана пайда табу керек екенін түсіндім. Өр коучты аңдып, соның қалтасын толтырып жүргендерге айтарым, ақшаны дұрыс нәрсеге жұмсай білейік. Менің қаншама уақытым мен қаржым желге ұшты. Ең бастысы, қателескенімді түсіндім. Коучсымақтардың сөзіне сеніп, мен сияқты өкініп жүрмеңіздер».

Макпал НОҒАЙБАЙ

P.S.

Осы аптада Атыраудың 60-тан астам тұрғыны жиһаз жасайтын компанияға алданып қалғанын айтып, шуласты. КТК телеарнасының хабарлауынша, кейбірі 4 миллион теңгеден астам ақша төлепті. Алайда әлі күнге дейін тапсырыс берген дүниелері дайын емес.

Әлеуметтік желіде жарнамасы жер жарған компания жеңілдік жасап, тапсырыс берушілерді түрлі сыйлықпен қызықтырыпты. Банк арқылы несиеге рәсімдеуге де мүмкіндік жасалғандықтан, еш күмәнданбаған жұрт сан соғып қалған. Жалпы «Альянс групп» компаниясына 60-тан астам атыраулық 35 миллион теңгеге жуық ақша төлеген. Мұны компания басшысы да растап отыр. Ал полиция алаяқтық бабымен іс қозғалып, тергеу жүріп жатқанын айтты.

✦ МАМАН ПІКІРІ



Нұркенже НҰРЖАНОВ, қаржы саласының маманы:

«Интернет алаяқтықтың кең тараған түрі әлеуметтік желідегі сауда алаңдарындағы түрлі хабарландырулардан басталады. Ол жерде қандай да бір тауар немесе қызмет түрлері адамды қызықтыратындай етіп суреттеледі. Алаяқтар адамдарды арзан бағамен немесе тауардың тез жеткізілуімен қызықтыратын түрлі қызмет түрлерін ұсынады. Ақырында сатып алушыға алдын ала толық немесе жартылай төлем жасауды өтініп, үшінші адамдардың шотына ақша аудартады. Мен сіздерге алаяқтардың амал-тәсілін қарапайым тілмен түсіндіріп көрейін. Соңғы уақытта кең тараған интернет алаяқтық – бұл қандай да бір компанияға, биржаға немесе бүкімекерге ақша салып, бірнеше уақыттан кейін ақшаны еселеп қайтарып алу туралы хабарламалар. Кейбір алаяқтар азаматтарға «банк операторы» болып телефон соғып, картадағы сөзсіз операциялар туралы хабарлап, жеке ақпараттарды біліп алуға тырысады. Қазір мұндай хабарлама мен қоңыраулардың алаяқтың әрекет екенін біраз жұрт біліп алды. Бұған дұрыс ақпараттандырудың өсері болғанын айту керек. Бірақ әлі де болса алаяқтардың құрығына түсетіндердің саны азаймай отыр. Интернет алаяқтардың құрығына түспеу үшін жеке құжаттағы деректер мен банк картасындағы мәліметтерді, аударымдар туралы қиванцияларды, кодтар мен код сөздерді ешкімге, тіпті өзін банк, полиция қызметкерлері ретінде таныстырғандарға, сондай-ақ интернет сатушыларға бермеу керек. Жалпы банк болсын, басқа да құзырлы органдардың қызметкері болсын, сіздің жеке мәліметтеріңізді сұрамайды. Осыны ұмытпаған жөн. Сонымен қатар жеке деректерді күменді сайттар мен өзге де желілерде «карта енгізіңіз» деп көрсетілген орынға жазуға болмайды. Ең бастысы, танымайтын адам мен белгісіз біреудің есепшоты болсын, киви-әмияны болсын, сенімсіз адамға ақша аударуға болмайды. Одан да қаржыңызды өз мақсатыңызға жұмсаңыз. Қазір адамдардың көзі ашық, қаржылай сауаттылығы да артып келеді. Біз алаяқтық туралы неғұрлым көбірек айтқан сайын, жолын көсеміз».

ЖАНАРЫНДА НҰР ЖОҚ ЖІГІТ

Қазақстандағы ең танымал нейрохирург ең күрделі ота жасамаққа дайындалып жатты...
Темір, яки ағаш ұстаханасында өңделетін білік темірді қысқышпен бұрап қысып қоятын станокті (*тиски*) көз алдыңызға елестетіңізші! Бірақ біз қазір сізге елес берген кәдімгі өндірістік шеберханада емес, Алматы қаласындағы айтулы емхананың нейрохирургия бөліміндеміз.
Ал мынау шеберханадағы темір қысқышқа ұқсас құрылғы — стереотаксис деп аталады. Шеберханадағы май-май, сом темірден құйылған «тискиден» айырмашылығы — атына заты сай медициналық құрылғы аппақ күмістей жалтырап көз тартып-ақ тұр. Санаулы секундтардан соң осынау ерекше станок-құрылғыға жонылатын білік темірдің орнына дейікші, адамның басын... екі жақтан қозғалмайтындай етіп қыспаққа алып, бұрап тастайды.

Есік ашылып, ішке түрлі-түсті жеңсіз жейде киген, шашын ұстарамен құйкасына дейін жеткізіп тықырлап қырған жап-жас жігіт пен ақ халатты дәрігердің ассистенті болуы керек, кіріп келді. Қасы-көзі қап-қара, аққұбаша, кескіні кесек тұлғалы, киноактерлерге өте-мөте ұқсаған келісті қазақ жігітінің отаға түсетінін ішіміз бірден сезді. Иә, шашын құйкасына жеткізіп, қырнап алдырғанынан байқап тұрмыз. Жігіттің сұлтаны-ақ екен! «Е-е... байғұс бала!» Сәлемдестік. Бір шоғыр боп тұрған үшеумізге селкос назар аударды. Әлгінде ғана ота жасайтын нейрохирургтан асай-мүсейін дайындау үстінде сұхбат алғанбыз. Өмірге жанадан дендеп еніп келе жатқан нейрохирургияның бүгіні мен ертеңі туралы қызына әңгімелеген маман, қазіргі өзі жасайтын ота туралы бейнежазбалар түсіруге рұқсат етпеді. Тәжірибе жүзінде жасалатын күрделі отаға түсетін 28 жасар Н. есімді нашакор жігіт бакуатты отбасының жалғыз тентегі екен. Алдымен еш сөз қонбаған, кейін еш ем қонбайтын дәрежеге жеткен. Түрмеде. Өте ауыр қылмысы (*есірткі сатып алу үшін ірі көлемде жасалынған ұрлық*) бойынша ұзақ жылға сотталған, «адам болмайтын», болашағынан қайыр жоқ нашакор айыпталушының басына әбден «пісірілген» үш жақты келісімшарт бойынша ота жасалынбақ. Тәуекел басым. Түрме шығыны қанша соманы құрағаны бізге беймәлім, ал ота жасаушы хирургке 5 мың АҚШ доллары (!) алдын ала төленіп қойылыпты. Ол кезде — көздің жауын алатын, көңілінді құбылтатын шетелдік, елге аса тансық жеңіл автокөліктің бағасы! Келісімшарт бойынша «шіріген жұмыртқа» отаны көтере алмай көз жұмар болса, сұрауы жоқ. Отадан ем қонса, оның түрмедегі жазасын өтеу мерзімі қысқартылып, мерзімінен бұрын бостандыққа шығарылады. Бәрі де алдын ала ойластырылып, «келісіп-берісіп» дегендей, шешіліп-шегенделіп қойған іс!

Қазір құрылғыға «шегеленетін» тақыр бастың он жақ сүйегінен жоғары, құлақтың ұшына тақау сол жақ тұсынан оймақтай етіп терісі аршылады. Ағарып аршылған жерден бұрғы салынып сүйек тесіледі, содан кейін ғана нейрохирургия аспаптары маманның сүйемелдеуімен баяу іске қосылады. Әлгі тесік арқылы ішке енген микрокандауыр ми аумағының мындаған тамырларының бірін «іздеп» тауып алып, шорт қияды, яки жансыздандырады. Осы сәттен бастап нашакордың миында есірткіге деген әуестік сап тиылуы мүмкін деген. Бірақ шынайы өмірде әлі де нақтыланбаған ғылыми болжам бар. Тәжірибе үстінде микрокандауыр жазатайым қиыс кетсе, пациент жан тапсырады...

Жұлынына құрт түскен жас жігіттің шарасы кен қап-қара көздеріне көзім түсіп кетіп, жүрегім дір етті. Қарақаттай жанарда нұр жоқ. Сөніп қалыпты. Емі түгесілген, дауасы жоқ кеселдің ауыр қасіретінің ақырғы сәтін өзі де іштей сезетін сияқты, бірақ жігіттің жүзінен күйзеліс табын аңғармадық. Біздер сондай оймен дәлізге шықтық. Үлкен терезеге жакын бұрышта сыңсып жылап тұрған құндыз шапанды келіншекке қашемир кара пальто киген ұзын бойлы, самайын қырау шалған, бет әлпеті іштегі әлгі «жігіт сұлтанынан» аумайтын еңселі ер кісі басу айтып тұрды. Әке-шешесі. Кәсіби қызметтің құрбанымыз ғой, қашан да... ауыр да болса, онтайлы сәтті пайдаланып, жігіт ағасына жақындап, өзіміздің телеарнадан екенімізді айтып, бүгінгі оқиғаға қатысты қайғы жұтып тұрған ата-ананың күйігін бөліскіміз келетінін тұспалдап жеткіздім. Мен күткендей жігіт ағасы бірден қарсылық білдірмеді, тілдесуден де тартынбады. Мұңлы жүзін сәл төмен тартып сөйледі. «Біздің қасіретімізді адам баласының басына бермесін, бауырым, адам баласының басына... Есірткінің еш емі жоқ, бүгінгі отаның да бір шипасы боларына өзімнің сенім аз, дегенмен жандалбаса қылып осында тәуекел жасап отырмыз» деді таза қазақ тілінде. «Көзіңізді кісі танымастай етіп көлегейлейміз, бейнекамера алдында сөйленіңізші» деген өтінішімді құптамады. Қайғы жұтқан азаматқа қайтып қолқа салмалық.

90-ыншы жылдардың аяғы, күллі әлем жұрты алдағы миллениумды — 2000-шы жылды қарсы алуға жұлқынып жатқан кезде болған оқиға еді бұл...

Қазақстанда өркендеп келе жатқан нейрохирургияның білгірінен байланысымыз көпке дейін үзілмеген. Араға уақыт салып, өзіміз жүзін көрген жігіттің кейінгі өмірі туралы сұрағанбыз. Ота ойдағыдай өткен. Бас сүйектің тесігі пластикалық қақпақпен қайта тығындалған. Бірақ Н.-нің түрмеде жазасын жалғастырып өтеп жатқанын естідік. Демек... Кейін уақыт өте ол жігіт туралы ұмыттық... Бірақ адамзаттың жұлынына түскен жегі құрт — нашакорлық сойқаны туралы әрбір тосын ақпарат әрқашан да сол бір стереотаксис оқиғасын — жанарында нұр жоқ жігіт пен меңіреу күй кешкен ата-ана кейін еске түсіріп тұратыны бар. Жүрек тұсым «шым» ете қалады...

Қордайдағы... 400 гектар есірткі алқабы?!

Алматы — Тараз бағытындағы бұраланы көп бұл асфальт жол бүгінгі ақылы «Батыс Кытай — Батыс Еуропа» автомагистралі салынғанға дейін қонысы іргелі Қордай елді мекенінің үстін басып өтетін. Қордайдан ары жол тартсаңыз, көп ұзамай осы күнге дейін не аты, не жол жағасындағы аты жазылған көк түсті көрсеткіш тақтайшасы өзгермеген «Степное» деген бір ауыл алдыныздан шығады. Қақпақ, Дегерес, Жамбыл, Ешкілі... деп тізіліп тұрған қазақ ауылдарының арасына бұл «Степное» қайдан тап болған?

Селоға кірер ауызда, сол канатта ұлан-ғайыр созылып жатқан бақша алқабы көз талдырып созылып жатады. Бір кезде дәл осы шетсіз-шексіз алқапқа, 400 гектар жерге, кәдімгі есірткінің тұкымы — карасора (*cannabis*) қолдан отырғызылған дегенге сенер ме едіңіз! Сенуіңіз екі талай... Жап-жас лейтенант кезінде Қордай аудандық ішкі істер бөлімінде тергеуші қызметін атқарған, кейін министрліктің бірдей 10-шы бөлімін басқарған, елімізде

СЕРІКТЕС ПЕН СТЕРЕОТАКСИСТІҢ АРАСЫ

«Кеңес Одағында нашақорлық жоқ!» ұранының кешегі мемлекеттік құпиясы мен бүгінгі ақиқат айнасы туралы біз не білеміз?



ең алғаш құрылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқарма бастығының орынбасары қызметін атқарған милиция полковнигі, зейнет демалысында жүрген Майданбек Есжанов ағама осы уақиға туралы тәптіштеп айтқаным бар. Өйткені Майданбек Баймұхаметұлы осы ауданда туып-өскен. Кезінде ауданның жайын бес саусақтай білетін із кесуші болғаны жөне рас. Ардагер аң-таң, алдымен қойған сауалы: «Оны қайдан шығардың?!» болды. Кеңес одағының өлкедегі жасырын-жабық жүргізіп отырған саясатынан тәртіп сақшысының өзі хабарсыз екен! «Аты шартты түрде қойылған (*Мәселен, Кеңес одағындағы — Мирный, Степное, Звездный, Гвардейский т.б. елде мекендер — авт.*) бұл солонның құқық саласының назарында тұратынынан хабардармын, онда кезінде жер аударылғандардың отбасылары мекендейтін, шаруашылықта ел қатарлы еңбек етті. Кейін бәрі араласып кетті ғой...» деген қарт тергеуші ойланып қалған.

Енді ауыл тұрғыны Жұмақан ақсақалдың сөзіне құлақ салып көрейік.
— Қазақта мұны кәдімгі қарасора да, кендір де, кенеп шөп деп те сан құбылтып айта береді. Біздің кеңшарда 400 гектардай жерге сол кара сора егілді. Қайбір жылдары науқан кезінде шаруашылық жоспардан шыға алмай тапырақтап қалса, күллі техниканы Шудын даласына жауып, карасораны сол жақтан шауып, жоспарды орындап қайтатын едік.

— Шаруашылық соншама жерге карасора отырғызып кара терге түскенше, сол Шудын даласынан-ақ өнімін шабындық секілді өндірітіп шауып жинап алмай ма? — деймін мен.
— Е, балам, біздің қолдан отырғызған карасорамыздың сапасы Шудын даласындағы «жабайыдан» әлдеқайда басым болатын!

Шаруашылық еңбеккерлері әлгі жинаған карасораны арнайы қаттап, кептіріп, байлап, матап, жүк пойызға тиеп Ленинград қаласына жіберіп отырған. Сол жерден ол тенделіп, Үндістанға артылады екен. Үндістан арқан иіріп, кенеп қапшық тоқып, баска да бірқатар тоқыма бұйымдар дайындап, Кеңес Одағына оны қайта жіберетін болған. Мұның барлығы Жұмақан атамыздың аузынан, бейнекамераға жазып алған әңгімелер. «Бұл кендір арқаныңыз теңіз бен мұхиттың тұзды суына шыдас беретін бірден-бір ең төзімді де зәру бұйым болып шықты. Сондықтан Ленинградтағы кеме зауытына қатысты кендір арқанның бағасы ерекше болатынын естігенбіз. Кендірге зәкір де байлайды екен...» «Ата, сол тұста ауылда нашакорлық, яғни сораға құмартушылар болды ма, өзіңіз куә жайттардан еске алсаңызшы...» деймін. «Жоқ ...». Атамның кесіп айтқан сөзіне сенер де едім: бірақ бұл шаруашылықтың мемлекеттік жігі қалалауда болғаны ақиқат қой. Қорасындағы екі бас бұқасының мүйізінен қайырып, кәдімгі қарқанмен байлап қойған Жұмақан атамыз телекамера алдында арқанды оң қолымен жұмырлай тартып тұрып, «Ауылдағы сол 400 гектар карасораның көзі» деп әңгімені басқа жаққа аудара қойғанын да түсініп тұрмын. Қоштасарда атамыздың «Ленинградтан келген жап-жас орыс жігіттері бір литрлік



банкіге тапталып жиналған қарасораның күлін толтырып жиып алып жататын, әйтеуір, оған шілі мән бермеппіз...» деп дүдөмал жымиғаны да бар. Е-е.. Жұмақан атамның арнаулы орган өкіліне көппен бірге «50 жыл жақ ашпауға» қолжаз бергенін ел білмейді дейсіз бе?!
60-шы жылдары еді. 4-сыныптамын. Ақбала әжем Алматыдан төркін жағының 7-сыныпта оқитын еркетотай ұлын ауылға ертіп келді. Әйтсе де, орысша-қазақша араластырып сөйлегені болмаса, алматылық Серіктестің еркелігін көрмедік. Ауыл баласына қала



...Сондықтан Қазақстанда бір ғана банда Бұл қазақи «пропаганда» 5 мың қалтамда. Қайдан тапсам да Ай, саған да орын бар Ай, армандар орындалады! Соңында... сенбегендер, сорыңдар! Қалтамда тек қана 5-ка, тоқта! В кармане «пятка» и 5-ка Тоқта! В кармане «пятка» и 5-ка Тоқта!

Не түсіндіңіз?! Домбыраны шебер шертетін балалардың талантында шек жоқ. Ғажап! Бар гәп қики-жикы құралған ән әуезінде де емес, гәп — оның мәтінінде, сөзінде! Жарайды, қазір он-сан құрама әндерден онсыз да басымыз айналып жүр. Оған да көңді! Балғын өнерпаздардың желкесінде миығынан жылмия күліп тұрған ұйымдастырушы ересек әншілер тобының, бәлкім, ән авторларының, тірлігі жан түршіктіреді! Ал енді қала әкімдігінің мәдениет басқармасындағы ұйымдастырушы жас шенеуніктердің шарасыздығына, тіпті сауатсыздығына не жорық? Балғындардың қайсыбірі өздеріне жаналықтай көрінген жана әннің қай тақырыпты қаузап, «ойын-отын» маздатып жатқанын білді екен?! Бүгін білген жоқ, бәлкім, ертең біледі. Жас өскіннің жадында сақталған ән мәтінінің сырын білуге әманда құштарлық оянады... Ал енді токетеріне көшейін: «темекінің тұқылы» деген тіркес шылым шегетін де, шекпейтін де қауымға жақсы таныс. Өйткені ол темекінің тартылып немесе аяқталмай, сорылмай қалған сасық қалдығы! Ал «Пятка» немесе «5-ка» ше? Ол — есірткі (*марихуана*) шылымның қалдығы! Тұқылы! Әндетіп думандаытып, қалтадағы есірткі тұқылының барын бала санасына он сан рет қайталай жеткізіп, «қалтамда есірткінің тұқылы — ...сенбегендер, сорыңдар!» деп алады да «Токта!» дейді! Тағы бір қайталап өтейін, менін жағамды ұстатқан балауса-балғындардың дымды түсінбесе де домбырасын бебеулетіп, әнге қосылып, соны қолпаштағаны еді! Әдейі жасалынған қастандық! Бүлдіршіннің санасын әдейілеп улау ғой бұл?!

Әлеуметтік желі арқылы-ақ есірткінің шөкім мөлшерін салған полиэтилен түйіншектерін қуыс-қуыс пен бұрыш-бұрышқа тықпалап, оны сол желі арқылы бірін-бірі танымайтын пайдаланушы мен пайда табушының жемтігін іздеген аш бөрідей көздері қызара іздеп, жанын салып жүргенін үлкен қаланың әрбір тұрғыны білетін күйге жеттік... Қазіргі заманғы гаджеттер мен сұңғыла бағдарламашыларсыз олардың жолын кесу оңай да, мүмкін де іс емес!

Сонау 60-ыншы жылдары Серіктестің «бепросышлар» буыны папирастан темекі төгіп, оны карасорамен қайта тығындап жүргені бір ғана қасірет болса, қазір тек синтетикалық есірткі түрінің саны 600-ден асып жығылды. Шырмауыққа бір байланса, бозбаланың ол құрсаудан босанып шығуы мәңгілікке зар болары хақ! Сонау 90-ыншы жылдардың бедерінде керегесін кеңейткен, бүгінде жетілдірілген нейрохирургия бөлмелеріндегі қызметі қымбат стереотаксис құрылғыларының да тығырықтан шығара алмасы ақиқатқа айналды! Елдегі күн санап емес, сағат санап өсіп жатқан нашакорлар «армиясының» қатарын шотқа сап оқырманды дүрліктірмек ойымыз жоқ...

Осы алқапқа бір кезде 400 га жерге қарасора (*cannabis*) егілген. («Степное»)



...Домбыраның басқы пернесіне саусағын созып жеткізуге құлшынған құлыншақ буынның мәнін түсінбей өнге қосқан есірткінің сол «тұқылы» әуестікпен қолына түсіп қалмасын дейді, нағыз қасіреттің кара бұтты сонда төнеді. Алдыңғы арба — «өнерпаз» ағалары өз қолымен ұстатқан сол «тұқыл» болашағымыздың тұқымын тұздай құртып тынары даусыз...

Тайрандаған «өнерпаз-ағалар» да таяу арада саналы түрде жазаланбайтын сияқты, зайырлы елде ондай заң жоқ! Ел басына күн туды, ендеше!!!

Алматының Астана алаңында өткен мерекелік ән-шашуды көріп, жағамды ұстадым... Төртінші мен бесінші сыныпта оқитын өнерлі жеткіншектер қолдарын синхронды леппен сілкі-сілкі домбыра тартып, сикы алабөтен бір әнді әспеттей демеп, дүбірлетті-ай!.. Ол әнге сіз де құлақ салып, тындап көріңіз:

ҚАЛТАДАҒЫ «5-КА»!
О, СОРМАНДАЙ, ҚАЗАҒЫМ!

Талғат СҮЙІНБАЙ,
Алматы

Еске алу

Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдардың ортасынан бастап ҚазГУ қалашығын (*көне мәнермен айтсақ*), Табылды Досымовтың әндері төрбеп тұратын. Табыл әндерінің алғашқы тыңдармандары, әлбетте, бесінші жатақхананың студенттері болатын.

*Кетсем бе деймін бала боп,
Шабәды көңіл шалғайға.
Қайда сол ҚазГУ городок,
Алматы қайда, ел қайда? —*

деген көпшілікке белгілі өлең жолдары 1984 жылдың 27 шілдесінде Германияда қағазға түскен екен. Оған менің қолымдағы сарғайған сарбаз хаттары дәлел.

Осы күні ел аузында жүрген «Сәйгүлік», «Ұнатамын мен сені», «Биіктік» және тағы да басқа ондаған туындыларының көбі сол студент қалашығында туып, кейін қазақ даласына кен тарап кетті.

*Орнатар деп ескерткіш халқым бірде,
Ойладың ба жас дәурен, сал күндерде?*

Биыл қазақтың тұңғыш бард-композиторының өмірден озғанына он екі жыл. Кеше ғана арамызда жасындай жалтылдап жүрген таланттың жоқтығына



Қасым, Мұқағали, Жүмекен, Кеншіліктің қатарына ол Табылдыны да қосты. Ақын, белгілі ғалым Бауыржан Жақып Табылдың үнемі өнерлі орта іздеп жүретін көпшіл, достыққа адал қасиеттеріне ерекше тоқталып, осыдан он шақты жыл бұрын Арқадағы атақты гитарашы Қорабай Әбеновті арнайы іздеп барғанын еске алды. Ол бүгінде Табылдыңын ізінен ерген бір топ талантты шоғырдың қалыптасқанын айтты.

АДАМДЫҚ ҒҰМЫР БІТКЕН КҮН, АҚЫНДЫҚ ҒҰМЫР БІТПЕСІН

Табылдың шығармашылығын насихаттауда үлкен жүректі азамат, өнердің жанашыры, өлең өлкесінде өзіндік қолтаңбасы бар қаламгер Бижан Қалмағамбетовтің еңбегі зор. Ол 2010 жылы Т.Досымов атындағы республикалық қоғамдық қор құрып, содан бері қыруар жұмыстарды атқарып келеді.

Төкеннің ән кештерін Қазақстанның басты қалаларынан бөлек, Мәскеуде, Қытайда және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында өткізді. Бард-композитор атындағы байқау, фестивальдерді ұйымдастыруды игі дәстүрге айналдырды. Соның арқасында өнердің осы саласында бір топ талапты жастар пайда болып, қазір Табылдың мектебі қалыптасты деуге болады. Оған сол күні Атырау қаласында, М.Өтемісов атындағы облыстық драма театрында өткен Табылдың әндерінің «Биіктік» атты концертінде анық көзіміз жетті.

Осынау ән мен жырдың жәрменкесінде Елена Әбдіхалықова, Есенбай Құлиев, Асхат

ТАБЫЛДЫ ТАЛАНТЫНА ТАҒЗЫМ



көңіл құрғыр әлі сенбейді. Әйтсе де, есімінің ел жадында екеніне, өнерінің өлмес ғұмыры басталғанына шүкіршілік етесің. «Бірге жүрген жігіттер күні кеше, Бірі ескерткіш болып тұр, бірі — көше...»

Жақында Атырау жұрты өзінің Толағай-Табылының талантына тағзым етіп, тағы бір керемет кездесу мен тамаша кеш өткізді. Оған қазақ даласының түкпір-түкпірінен қабырғалы қаламгерлер мен әнші-өнерпаздар қатысты. Алдымен кешке келген қонақтар Табылдың Досымовтың Дендердегі бейігіне барып, ақын әруағына бата бағыштады. Сосын аудан орталығындағы еңселі ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, Мәдениет үйінде аудан әкімі бастаған көпшілікпен жүздесу өткізді. Онда Төкеннің әдеби мұрасын насихаттаумен қатар, жалпы руханият мәселелері сөз болды. Аудан әкімі Дарын Шамұратовтың айтуынша,



Табылдың Досымов әлдеқашан туған өлкесінің бейресми төлқұжатына айналған.

Одан кейін Атырау университетінде «Қазтуғандардан қалған із. Табылдың — рух алдаспаны» атты алқалы жиын өтті. Әдеби-танымдық кездесудің шымылдығын осы оқу орнының ректоры Саламат Ыдырысов ашып беріп, жазушы Мереке Құлкенов Табыл талантының табиғатына терең және жан-жақты талдау жасалды.

Ақын, әйгілі «Сәйгүлік» әнінің сөзін жазған Светали Нұржан студенттік күндерден естелік айта келіп, жиырма сегіз жыл жұбы жазылмай бірге жүрген досының ақындық һәм адамдық келбетін суреттеп берді. Сондай-ақ ол хас таланттар қашанда халықтың барлық мұң-зары мен қайғысын жан-тәнімен төтенше сезінгендіктен де, соншалық ауыр салмаққа оның жұдырықтай жүрегі көтере алмайды деген пікір айтты. Олардың ғұмыры қысқа болып жататыны да сондықтан дей келе, қырық-қырық бес жастың аралығында көз жұмған кешегі

жоғарыда айтылған кездесуде Табылдың еш жерде жарияланбаған бір өлеңі мен өз қолымен қағазға түсірген бірнеше әндерінің мәтіндерін отбасына табыс етті. Мүмкін ертең музейі ашылып жатса, бір бұрышынан орын табылып қалар...

Музей демекші, Б.Қалмағанбетов қазір ақынның өзі тұрған Дендердегі үйін бір жағы музей, бір жағы бардтық өнердің мектебіне айналдыру жөнінде жұмыстың жүріп жатқанын жеткізді. Оған жергілікті атқару органдары да оң қабақ танытқан көрінеді. Енді сол іс баянды болғай дейміз.

Ол өзінің соңғы кітабындағы ақырғы өлеңін былай деп аяқтапты:

*Үтірмен сені бітірдім,
Бітірмей жсырым, нүктемен.
Берегі жағында үтірдің,
Өлең-ғұмыр тұр бітпеген.*

*Осылай деуді құп көрдім,
Оқырман, сен қой нүктесін.
Адамдық ғұмыр біткен күн,
Ақындық ғұмыр бітпесін!*

Артында қалың тыңдарманы мен талантты ізбасарлары барда Табылдың Досымовтың ақындық ғұмырының алдағы күндерге жалғаса беретініне біз сенімдіміз.

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ

Көрме

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, журналист Нұртілеу Иманғалиұлының 70 жылдығына орай ұйымдастырылған көшпелі көрме ел аралап, өзінің туған өлкесі Жетісуға қайтып көлді.

ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ



Қазақ телевизиясында 47 жыл қызмет атқарған журналистика ардагері Нұртілеу Иманғалиұлының халқына сіңірген еңбегі мен шығармашылығын насихаттауды мақсат еткен республикалық көшпелі көрменің өскелең ұрпаққа ұсынатын өнегесі мол. Көшпелі көрменің тұсауы көктемде Елордада кесілген болатын. Бұл көрмені ұйымдастыруға журналистің аяулы жары мен балалары ұйтық болды.

Жұбайы Қарлығаш Советбекқызының айтуынша, көрме өткізуді көзі тірісінде Нұртілеу ағаның өзі жоспарлаған екен.



Көрмеде Нұртілеу Иманғалиұлының эфирге киген киімдері, фотоапараттары мен камерасы, мемлекеттік наградалары, кітаптары мен қолсағаты, жеке қолжазбалары, 200-ге тарта жеке заты қойылды.

Нұртілеу Иманғалиұлының көзі тірісінде пайдаланған заттары мен өзге де экспонаттарды Талдықорғандағы М.Тынышбаев мұражайына барып көруге болады. Көрменің ашылу рәсіміне облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысты. Ол қайраткер журналистің шығармашылығы мен оның қазақ телевизиясына сіңірген ерен еңбегіне тоқталды.

Ерлік

Таңертең ұйқысынан тұрғанда адам «бүгін мен ерлік жасаймын деп ойламайды. «Жазым аяқ астынан» деген халық даналығы да ұдайы есінде тұрмайды. Атырау облысының тумасы Дінмұхаммед пен оның достары күздің қақаған суығында өзен жағасына ойнауға барғанда олай ойламаған болар.

БАТЫР БАЛАҚАЙ

Дінмұхаммед 3 қарашада Балықшы және Жұмыскер ауылдарын жалғайтын көпірдің маңында достарымен ойнап жүрген. Ойын баласы қауіп-қатерді ойлай ма, достары мұз болып қатып жатқан өзеннің үстіне шығады. Табан астындағы жұқа мұз ойылып, екеуі де суға түсіп кетеді. Бала тұрмақ, ересек адамның өзі сасқалақтайтын жағдай. Бірақ Дінмұхаммед ойланып жатпады, біреуінің қолынан тартып, судан шығарып алады. Сосын екеуі жабылып судағы баланы тартып шығарады. Үшеуінің де ішер суы бар екен, мұз жарылса, аман қалуы екіталай еді.

Дінмұхаммед — отбасындағы ортаншы ұл. Сабақты жақсы оқиды. Өскен соң құтқарушы болам дейді. Ұлының ерлігін естіген анасы абдырап қалыпты. Өйткені сол күні әкесі балаларына өзенге бармандар деп ескерткен екен.

Бір жақсысы, бізде бейбіт күнде ерлік жасаған жандар ескерусіз қалмайды. Міне, бір айдан астам уақыт өткенде төтенше жағдай министрі Юрий Ильиннің бұйрығымен Дінмұхаммед Жанбырбай «Суға батқандарды құтқарғаны үшін» Қазақстан Республикасы ТЖМ медалімен наградталды.

Министр Дінмұхаммедке батырлығы үшін, оның ата-анасына өжет баланы тәрбиелегені үшін алғыс білдірді.



Сонымен бірге Юрий Ильин қысқы мерзімде де, жазғы мерзімде де судағы қауіпсіздікті сақтаудың маңыздылығы мен қажеттілігін атап өтті, қауіпсіздік қағидаларын сақтауға кеңес берді.

Дінмұхаммедке ведомстволық награданы Атырау облысы ТЖД бастығының міндетін атқарушы Нұрлан Жанабаев табыс етті.

«Миымда тек құтқару ғана болды. Сондықтан құтқаруға тырыстым. Бірақ олар ауыр екен. Таяқпен тартып шығардым. Бар күшімді жұмсадым. Өзіме сендім, судан қорықпадым», — дейді кішкентай батыр.

ЖҚ-ақпарат

Қазақ халқы ұлт-азаттық күресінің көсемі Кеңесары ханның он жылға созылған жорығын кең көлемде бейнелеген белгілі жазушы Әділбек Ыбыраймұлының жақында «Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясы жарық көрді. Оның бұл жауапкершілігі

үлкен, қасиетті де құдіретті тақырыпқа табандылықпен тайсалмай барғанына шексіз қуандым. Сол қуаныш құшағында кітапты қатал сын көзбен қарай отырып, мұқият оқып шықтым. Автор көп ізденген, көп еңбектенген. Онсыз оның үш ғасыр көлеміндегі қанды қырғын оқиғаларды жинақтай суреттеуі мүмкін еместей. Әсіресе, тарихи тұлғаларымыздың бейнесін даралап, өздеріне тән қасиеттерімен сомдаудағы жетістігі көңілімді көншітті. Жазу мәнері – ешкімді қайталамайды, өзіндік сыршылдығымен, шымырлығымен тартымды.

Әділбек – суреткер жазушы. Бұл миллионның біріне бұйыра бермейтін табиғаттың қымбат сыйы. Оқырманын сан алуан оқиғаға араластырып, кейіпкерлерімен бірге қуантып, бірге кайғырту тек суреткердің ғана қолынан келетін құдірет. Бұған роман-



Бұқар жырауды Көкшетаудағы Абылай ханға жұмсауы, Абылай ханның «мен қырғыз халқымен соғысуға бармаймын, Сәдірлермен соғысуға барамын» деп жорыққа дайындалуы роман-трилогия рухын барынша аскактатып тұр. Осы жалғыз ауыз сөзімен-ақ Абылай хан Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романындағы майдан

бірін-бірі қайталамайды. Бұл шығарманың патриоттық рухын аскактатып, көркемдік келбетін әрлендіре түсуге қызмет еткен.

Айырқалпақты қырғыз ағайындар тағдыр талқысымен атажұрты Енесайдан арып-ашып жеткенде, Үйсін атаның ақсақалдары мен билері құшағын жая қарсы алып, төріне оздырып, бауырына тартып, Алатаудың күңгейін, одан әрі Ергененің (*Ферғананың*) таулары мен жазығына дейінгі жер аумағын басыбайлы сыйлағанын, енді бүгін сол жақсылықты ұмытып, Қокан бектерінің айтақтауымен өзіне жау болып, қазақ ауылдарын қырғынға ұшыратуын қалай бағаларынды білмей дал боласын.

Тағы мына мысалға жүгінелік. «Білегіне шокпар іліп, аяғын көсіп сап тұрған дембелше жігіт алға шықты.

— Сендер Қаратау, Ілені, Үшаралды босатып, Арқаға көшіңдер! — Ештеңеден қымсынып тайынатын түрі жоқ, төбеден ұрғандай. — Мына Таластан, — иегімен сол иығын мензеді. — Шымкентке дейінгі арадан өз аяқтарымен кетесіңдер, кетпесендер күшпен кетіреміз!» (32 б.) Талай ауылдарымызды қызыл қанға бояп, астамшылығының асқынғаны соншалық атажұрт үшін шайқаста құрбан болған казактардың басынан кәлалакала тұрғызған, өзін «қырғыздың ханымын» деп жариялаған Сәдірдің пиғылын таныған Төле би бастаған игі жақсылар көмек сұрап,

Бұқар жырауды Көкшетаудағы Абылай ханға жұмсауы, Абылай ханның «мен қырғыз халқымен соғысуға бармаймын, Сәдірлермен соғысуға барамын» деп жорыққа дайындалуы роман-трилогия рухын барынша аскактатып тұр. Осы жалғыз ауыз сөзімен-ақ Абылай хан Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романындағы майдан

сайларда, ұлым Қасымды тандандар. Ол өте табанды және әділетті, ұлтына қамқор, антына берік хан болады», — деп ел келешегін ойлауы қандай қасиеттілік?!

Шығармада ұстазы дана Төле бидің де бейнесі даралана сомдалған. Ойымызды тиянақтау үшін дәлелге жүгінелік. Зорлық-зомбылықтан, атыс-шабыстан жапа шеккен жұрт арасынан: «Басымызды құрайтын бір азамат бар ма? Қор болып өлгенше, қол болып шайқасып, жаудың жағасында кетейік», — дегендерге, көп ішінен Қарабек деген жігіттің күнкілдеп, «жауға тізе бүгуден басқа амал жоқ» деп қалғанын естіген Төле би:

— *Уа, көсіле шабар әсерің бар, Ту көтерер ерің бар. Қол боларлық ерің бар, Атадан қалған жолың бар, Құлдық ұрсаң дұшпанға, Арылмайтын сорың бар. Еркек болып туды деп, Мына сені кім айтар?* —

деп әлгі сөздің иесі Қарабекті топтан қудыруы (67 б.) — азат ел болудың жалғыз жолы — тек күрес деген ойды әр оқырман жүрегіне ұялатады.

Роман-трилогияның басты қаһарманы — сұлтандар мен би-шонжарлардың басын қайтсем біріктірем деген Кенесары ханның — бұра тартқандарға аяушылық танытпауын, ымыраға көнбеген ақ патша старшыны Балқожаның ауылын шауып, оның ұлы Алтынсарыны (*Ыбрайддың әкесі*) өлтіруін, мал-мүлкін түйелерге артып әкете бастауын соғыс кезеңіне лайықты қаталдық деп білеміз. Балқожа бидің қызы Назеркенің ханның алдына келіп, «мен дүние есігін ашқанда әкемнің досы сіз қандай көрімдік берсем екен?» дегенінізде, әкем Балқожа «балам есейгенде көрімдігің өзі сұрап алар» деген екен. Сол көрімдікті сұрай келдім» деуі, сөзден жеңілген Кенесары ханның түйелерге артылған



ШОҚТЫҒЫ БИІК ШЫҒАРМА

(Кенесары өмірінен жазылған тың туынды туралы пікір)

трилогияны оқыған әр оқырман қапысыз көз жеткізері анық.

Аталмыш туынды үш кітаптан тұрады. Бірінші кітап оқиғасы қазақ халқының соңғы ханы Кенесарыны тұтқындап өлтірген Орманбет манаптың албандардың аға сұлтаны Тезек төрені анасының асына шақыруынан басталады. Ә дегенде автордың «мұнысы қалай, Кенесары хан жорығын бейнелеудің орнына, оны өлтірген қырғыз манабы мерейінің үстемдігін марапаттаудан бастағаны несі?» деген әрі-сәрі күй кешкеніміз, көп ұзамай автордың суреткерлік шешімінің дұрыстығына көз жеткізіп, сабамызға түскеніміз бар. Автордың ұтқаны — Тезек төре өзінің абырой-беделін ойлап, Орманбет манаптың анасының асына Сұраншы батыр мен Сүйінбай ақынды, Бөлтірік шешенді ертіп баруы.

Сән-салтанаты келіскен аста қырғыз ақыны Қатаған мен қазақ ақыны Сүйінбайдың айтысын автор шығарма желісіне енгізгендегі мақсаты — біріншіден, оқырманға эстетикалық ләззат сыйлап, екі елдің рухани жан дүниесі, ой дүниесі байлығының қаншалықты деңгейде екенін талғам таразысына салуы, екіншіден, жеңілгенін мойындап, тиісті сый-сияпатын жасап баққан қырғыз бай-манаптарының басқыншылық жолымен байыған мақтансүйгіш әрекетін өйгілеуі тарихи шындық негізінде тамаша жүзеге асқан. Бейбіт сүйгіш халқымыздың 1723 жылы жоңғарлардың тұтқиылдан жасаған шабуылынан «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» азабына ұшырап, жылдар бойы ес жия алмауына жоңғарларды желіктіріп, бізге қарсы айдап салған орыс пен қытай ғана емес, коқан мен қырғыз билеушілері де кінәлі екені шығармада жан-жақты бейнеленген.

Қазақ батыры Бердікожаның қырғыз батыры Шоныкпен жекпе-жегін автор былай суреттейді. «Күрөнене қамшы басып, ілгері атырыла жөнелді. Жануар шапқанда салпаң құлағын жиып алады екен. Шонық найзасын ілгері ұмсына ұстап шүйліге, көк сүңгінін ұшымен Бердікожаның кеудесін нысынаға алды.

Қарақызыл қас жауына атқан оқтай самғады. Қарама-қарсы қуйғыта аққан екі аттын тұмсығы түйісті. Сол кезде Бердікожа көз ілеспес шапшаңдықпен кеудесіне шапшылуға шақ найзаны қолының сыртына қарай қылышпен қағып жіберді де, алдаспанды өзіне қайта қайырғанда Шонықты тамақтан орып түсті. Ол бірден ат сауырына шалқалай құлап, қолындағы найзасы шенгелі жазылған уысынан суси берді. Кілт кері бұрылған шалымды қарақызыл иесінің дәрегейінен шығып, беталбат сенделген күренге төпей кеп таянды. Бердікожа күрен атты шаужайынан алып, өз сарбаздарына қарай жетелей жөнелді. Ер үстінен он қапталына ауғанмен барғынның батыры сыпырылып қалмай салақтап барады». (27 б.)

Жекпе-жек дәстүрі бойынша майдан даласынан қарсыласының атын жетектеп, өлген иесін қоса әкету — жеңген батырдың абырой-беделін асырар айбын саналған. Бердікожа елге алғаш осылай жүректі, білекті батыр ретінде танылады.

Роман-трилогияда жекпе-жектерді, ұрыс аландарын бейнелеу жиі кездеседі, әрі олар

даласында туды құшақтап өліп жатқан орыс офицерін көрген сәттегі Бонапарт Наполеонның өлсен осылай ерлікпен өл дегендей: «Міне, нағыз сұлу өлім» деп сүйсінгені тәрізді казактардың қанды қырғынға ұшырауына қырғыз халқы емес, Сәдірлер кінәлі екенін дәл тани білгендігі ханымыздың парасаттылығына, қиын сәтте батыл шешім қабылдай алатынына толық көз жеткізеді.

Кешікпей Абылай хан әскерімен Шу, Таласқа келіп, Сәдірдің басын көсіп, қырғыз манаптарының «будан былай казактармен тату-тәтті тұрамыз» деген анттын алып, кері қайтуы, арада біраз уақыт өткеннен кейін ол ант ұмытылып, қайта қантөгістің басталуы, ханымыздың қырғыз манаптарын қайта жазалауы сол кезеңнің қаншалықты арпалысқа толы, ауыр болғанын аңдатады.

Жоңғарларды жеңіп, Отанды азат еткенде бас сауғалап қашып, аман құтылған жоңғар нояндарының шағыстыруымен 1756 жылы қытай-қазақ соғыс өртінің тұтануы, ол өртті ұзаққа созылмай келіссөзбен өшіруі Абылай ханның саясаткерлік талантының қандай өреде екенінен хабар береді. Орынбор губернаторы қабылдауында болғандары бары түсті орындыққа — губернатор жайғасқанда, Абылай хан өзіне арналған шағындау былғары орындыққа отырмай, оны «жатаған және қолайсыз» деп, ханға лайықты екі жағында шынтақ тірегіші бар орындықтар талап етіп алдыртуы — «сендердің айтқандарына көніп, іліге беретіндерден емеспін, менімен санасыңдар» деген емеурін аңғартуы мінезге, ақылға бай, дана хан екенін дәлелдей түседі.

Ақыл тәжірибесіне сүйеніп, орыстың әйел патшасымен де, қытай богдаханымен де тіл табысып, байланыс орнатуы, әрі қытаймен одақтасып дегенді алға тартып, шын мәніндегі тәуелсіз билеуші ретінде халқының бейбіт өміріне қорған бола білуі, соңғы кезде Тәшкенттегі жағдайдың қиындағанын, бұл жақтағыларға ықпалының әсірлегенін, қатердің күшейіп бара жатқанын сезіп, мазасыздануы, ақырында әкесінен артық жақсылық жасаған ұстазы Төле бидің кесенесіне барып мінежет етуі, түсінде басында ақ қалпағы бар, қудай сакалы кіндігін жапқан, қабағы қатынқы қалпы аса тағыммен жерді тоқ еткізіп: «Тоғыз жолдың торабы Тәшкентте тектінің ұрпағы аз қалды. Қырық нәсілді құрама қырық рулы жұртына қатер төндіріп тұр. Етекбасты бейғамдық пен алауыздықтан арылмасандар, түбі онбайсыңдар. Түрегел, жылдамдықпен қам жаса, өрекет ет!» — деген Төле бидің даусын анық естуі, «бісімілла, бісімілла» дей түсіп, «жарықтық-ай, көзінің тірісінде пана болып еді, өлсе де шарапатынан сырт қалдырғысы жоқ-ау» деген ойды көңіліне медет тұтуы, Бердікожа батырды шақыртып: «Менің орнымы хан сайларда, ұлым Қасымды тандандар. Ол өте табанды және әділетті, ұлтына қамқор, антына берік хан болады», — деп соңғы аманатын айтып үлгеріп, демінің үзілуі — Омбыда арнайы әзірленген, әсері еш сезік тудырмайтын, зарары жуықарада төңірегіндегілеріне сезіле қоймайтын, тек уақыт өте сойқанды салатын удан келген пәле екені жанымызды жабырқатып, ашындырды. Ержүрек, дана ханымызды өлімге қимадық. Демі таусылар сәтінде де: «Менің орнымы хан

мүлкті кері қайтаруы, шылбырмен маталған тұтқындарға бостандық беруі жан сүйсінер өреде суреттелген.

Арада бір жыл өткен соң, Назерке Кенесары ханға арнайы барып, бәйбішесі екеуін қонаққа шақыруы, ханның «орыс патшасына ант берген қыпшақтың үйіне бармаймын» деуі, Күнімжан бәйбіше: «Төрем, алдына кеп отырған көп батырдың бірі емес, қыз бала» деп райынан қайтармақ болуы, Назеркенің: «Хан көке, әкемнің досы сізді орыс патшасына ант берген Балқожа би шақырып отырған жоқ, елдің азаттығын аңсаған, амаңдығын тілеген, сіздің мәрттігіңізге бас иген мен шақырып отырмын», — дей келе өз ырқына көндіруі — тапқырлықтың тамаша үлгісі (*2-кіман, 253 б.*). Осы шағын эпизодта үш адамның; Кенесары ханның қатал, қатты, Күнімжан бәйбішенің тула бойы мейірімге толы сабырлы, саликалы, Назеркенің ер мен ерді ғана емес, ел мен елді елдестірет даналық мінезі даралана бейнеленген.

Шығармада Кенесары хан Балқожа бидің үйінде бір күн қонақ болып, қоштасар сәтте Назерке қызына бата бермек сынай танытқанда: «Хан көке, батанызды маған емес, Алтынсары бауырымын жалғыз ұлы Ибраһимге беріңізші» (*261 б*) дегенінен оның бауырмал-мейірімділігін ғана емес, ертеңгі күні ел анасы болатын болмысын да танып, сүйсінеміз (*261 б*).

Роман-трилогияда қазақ халқының көреген қартының бірі — Батырбек датқа бейнесі де сәтті сомдалған. Әулиеата мен Түркістан өлкесін орыс билігіне қарату туралы тапсырма алған генерал майор Черняевтың Батырбек датқа мен Шоқанды қабылдауы, генералдың алдында жуандар «алдияр тақсырлап» бас шұлғи беретінін көріп жүрген Шоқан датқаның генералмен тілдескенде өзін теңдей, тіпті кейде одан жоғары ұстағанын, әр сөзін нық, қысқа қайырғанына қайран қалуы, қызметтен қолы босаған күні датқаның үйіне іздеп барып, ұзақ әңгімелесуі, ең соңында, ұнатқан адамының «мына басқыншы орыстар қам-қарекетсіз жүрген казактарды өлтіру үшін өмір сүреді» (*2-кіман, 31 б.*) дей түсіп, кейде адамның жақсы ниетпен де жансақ қадамға баратыны, саясаткердің әр елге керек екені, алайда мансап көздеген барлық саясаткер қатыгез әрі қорқақ болып келетіні, оны Қокан хандығынан, Бұхара билеушілерінен, енді орыс патшасынан көріп отырғаны туралы сыр шертуі Шоқанды қатты ойландырады. Әсіресе, Әулиеата халқын, бала-шаға, жас-кәрі демей қанға бояп, аяусыз қырғынға ұшыратқан қанішер генерал Черняевқа қызмет етіп, туған халқын бодандыққа беріп қойғанын түсінген оның көзқарасының түбегейлі өзгеруі — Батырбек датқа ұстамының шарапаты деп ұқтық. Оның болмыс-бітімінен халқымыздың дана бейнесін көргендей болдық.

Туындыдағы намысыңды тас қайрақша қайрар жорықтың бірі — Кенесары хан құнын жоқтап, айырқалпақ қиген манаптарды шапқалы атқа қонған Төнеке би мен Барақ сұлтан жорығы дер едік. Қазақ сарбаздарының қаһарынан ығып, Қокан ханының қарамағына бас сауғалай қашып барған Орманбет, Жантай, Жанқараш манаптар: «Қырғыз елін қырғызға көрме, сұрағандарын беріп, көнбей бара жатса

аздап қан шығарып, алдаусыратып аттандырып сал» деп Шыжым биге ауыр міндет жүктеуі, оның ол міндетті ойдағыдай орындап, сөйлеген сөзімен де, қимыл әрекетімен де, тапқыр шешімімен де екі халықтың өзара тіл табысып тату-тәтті тірлік кешкен бейбіт өмірге ештеңе жетпейтініне ой жүгіртуі — қырғыз халқының даналығы дерліктей. Оның қаһарға мінген Төнеке би мен Барақ сұлтанның алдына ақ қалпағын тастай салып: «Айыбымыз жоқ, тек жапа шеккен жұртпыз деп айта алмаймыз. Арадағы жанжалды ұшындырған сөзге еріп, бір жағына қикайған шоң мен шоралардың қылығы — бізді осыған әкеп отыр», — дей келіп, «қалың қазақтың ортасындағы сұлтандар сатқындыққа барып, Кенесарыны көзіне шұқып қудаламағанда қырғыздар да жат мінез көрсетпес еді» (*387 б.*) деуі қара қылды қак жарған әділ би екенін дәлелдейді.

Шыжым бидің лебізін естіген Төнеке би: «Біз қазақ пен қырғыздың арасын ашуға, ортасына жік салуға келген жоқпыз. Ел ішіндегі шектен шыққан содырларды сабасына түсіріп, тәубасын ұмытпауды ескертуге, ханымыз Кенесарының, сұлтандардың, сарбаздардың өліміне кінәлілерді іздеп, кек алуға келдік. Кінә — халықта емес, халықтың арасындағы бишікештерде» деуі, Шыжым би «айыбымызды мойнымызбен көтереміз. Кенесары ханның құны үшін жиырма жігітімізді құрбандыққа шалып, осы жерде бауыздаймыз, сұлтандардың құны үшін мың жылқы, қыршынынан қиылған сарбаздардың өтеуіне он ақ орда, он қыран, он тайған» (*2-кіман, 389 б.*) дегенде, Төнеке бидің «ен бастысы, Кенесары-Наурызбайдың қылышы мен найзасын қайтарындар» деуі екі жақты мәмлеге келуге үміттендіргенмен, «құрбан болатындай жазығымыз не, қалай қиясындар қыршын ғұмырымызды?!» деген жиырма жігіттің қасіретті үнін ешкім елемей, жаналғыштардың қындарынан алмас

қанжарларын суырып, күре тамыры білеуленген алқымнан орып жіберген сәтті жазушы: «Ып-ыстық қан қара тасқа шапшып, төмен қарай буы бұрқырай ағып жөнелді. Қол-аяғы байланған жас денелер жантаесіліммен қалш-қалш етіп, кеңірдек пен өнеш қор-қордыбыс шығарады» (*391 б.*) деп суреттеген.

Жантүршігерлік мұндай қатыгез көрініс төл әдебиетімізде бұрын-соңды бейнеленбеген тәрізді. Қалай десек те, біз марқұм Кенесары ханның құнына ешқандай күн тең келмейтінін мойындап, оның бойындағы азаттық жолындағы ерлік рухын мақтан етеміз.

Тағы бөле-жара айтарымыз, қанды шайқаста Қабанбай батырдың аты мәрттікпенде астындағы атын көлденен тартып, ажалдан аман алып қалған Бердікожа батыр ерлігі. Мұндай жан сүйсінер эпизодтар роман-трилогияда көп. Сұраншы, Саурық, Наурызбай, Тойшыбек, Байсейіт, Бұғыбай, Иман, Жеке, Жанайдар, Ағыбай, Жәуке, Аңғал, Бұқарбай, Дулат, тағы басқа батырлардың зұлым жауды жеңудегі қажыр-қайраты жанымызды жадыратып, кеудемізге ерлік рухын еселеп еге түсті.

Тәуелсіз ел атанғалы бері Кенасары ұлт-азаттық көтерілісі туралы қырғыз ағайындар да әділет жолына түсе бастағанын автор қырғыздың белгілі тарихшысы Зәмірбек Осаровтың Кенесары қырғызға соғыс аша келмегені, керісінше, көмек сұрай келгені туралы жазғанына тоқтала отырып, «егер біз қазақтың ұлы ханы Кенесарыға қырғыз халқының жасаған қиянаттығын айтып, Бішкекте оған ескерткіш орнатсақ, сойтіп бауырлас қазақ халқынан кешірім сұрасақ жөн болар еді» деген парасаты пікірін орынды келтірген. Бұл «жанылмайтын жақ, сүрінбейтін туық жоқ» деген халық даналығынан тәлім алып, екі туыс халықты жақындастыра түсуді мақсат еткен қадам.

Роман-трилогиядағы бас қаһарман Кенесары хан қазасын ойлағанда, одан әлденеше уақыт бұрын өмір сүрген ержүрек итальяндық акын Джардо Бруно еске түседі. Ол — Коперниктің күн жерді емес, жер күнді айналады деген пікірін қолдағаны үшін сегіз жыл зынданда отырып, адам айтқысыз азап шексе де, сенім мен ұстанымынан айнымайды. Надан тобыр оны өртеп өлтірер сәтте: «Қаһармандық рухтағы хас батырларға бүкіл жаманшылық бақ болып оралады. Олар тұтқынға түссе де, оны ұлы еркіндіктің жемісі ретінде қабылдайды. Жеңілістің өзін келесі бір жеңістің жәрдемшісі ете алады. Менің бүгінгі жағдайым ешқандай да жеңіліс емес, жеңіс», — деген соңғы сөзін есіме алып, қазақ мемлекетін қалпына келтіруді көксеген Кенесары хан рухы мәңгі тірі, ол бізбен бірге жасай береді деген ойымды толық сеніммен айта аламын.

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ,
филология ғылымның кандидаты, бауыржантанушы






E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

AINA

www.jasqazaq.kz



Қаптаған қате аударма...



Қазіргі әлемді жарнамасыз елестету қиын. Біз оны көз келген жерде кездестіреміз. Теледидар мен радиодан көріп-тыңдаймыз. Жаяу көп жүретін болғандықтан, көшедегі жарнамаларға жиі көзім түседі. Байқаймын, өзге

тілден аударылған сөздер көбіне қате жазылады. Тіпті үйреншікті «дәрігер» сөзін «дерігер» деп жазып қойғанды көзіміз көрді. Демек бізде қазақша сөздердің немесе мәтіннің сауатты жазылуына ешкім бас қатырмайды.

Көп ұлттың басын біріктірген мемлекет болғандықтан, ел аумағындағы жарнамалар екі тілде жазылады. Алдымен оның орысша мәтіні жазылып, содан кейін қазақшаға аударылатыны белгілі. Оны түсінікті етіп аударса жақсы ғой. Мысалы, «живи ойнап» дегенді қалай түсінеміз?

Соңғы жылдары латын әліппесімен жазылған жарнамаларды да жиі кездестіреміз. Бұл орайда әріптердің дұрыс қолданылмайтыны байқалады. «Ұ» мен «ү» әрпін шатастырған жарнама жетіп артылады.

Қысқасы, құлақпен тыңдап, көзбен көрген жарнамалардың көбі балалар мен жасөспірімдердің тіліне, сөйлеуіне теріс әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан жарнаманы сауатты жазуды қолға алатын кез келді.

Аружан БАҚЫТҚАЛИ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 2-курс студенті

Менің нағашы әжем, менің Ақмамам – алтын адам. Осы күнге дейін шалыс баспай, үйреткенін мүлтіксіз орындайтыным да – сол әжемнің тәрбиесі. Оның бізге деген мейірімін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Әже мен немере арасындағы ерекше байланысты бәріміз де білетін шығармыз. Асыл әжемнің жан жылуы мен айтқан сөздері жүрегімде мәңгі қалары сөзсіз.

Әжем 1979 жылы Мәлік Жұбанұлына тұрмысқа шығып, нағашы ағамды, менің анамды және тағы бір ұлды дүниеге әкелген. Зейнеткерлік жасқа дейін ауыл ауруханасында медбике болып жұмыс істеді. Өмір бойы ауыл аялдарынан тек мақтау естіген әжем ерекше еңбекқорлығымен, білімге құштарлығымен дараланыпты. Ауыл жұртының жағдайын білу үшін үй-үйді аралап, кешке ауруханаға кезекшілікке шығатын. Үйдегі бітпейтін шаруаны да шаршамай атқарады. Біз үшін төрт түлік мал ұстап, шұбатымен тойдырып отыратын. Нағашы атам екеуінің арасындағы махаббат пен сыйластықты көріп өскендіктен, олардың өмірі мен үшін үлгі. Үлкен бір шаңырақты бақытты етіп отырған осы екі жанға алғысым шексіз.

Гүлсезім ДӘУРЕНОВА,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің менеджмент және халықаралық коммуникация факультетінің 1-курс студенті

Қоқыс тастамаңыз!

Қазіргі заманда ауаның ластануы – біздің елімізді ғана емес, бүкіл дүниежүзіін толғандыратын мәселе.

Әсіресе, өнеркәсіп орындары көп шоғырланған қалаларда ауаның ластануы қалыпты деңгейден әлдеқайда асып түседі. Бұл, әрине, тұрғындардың денсаулығына зиянын тигізбей қоймайды. Сондықтан, менің ойымша, өндіріс кәсіпорындарын елді мекеннен кашық жерге салу керек. Сондай-ақ балама қуат көздерін пайдалануға көшкен дұрыс. Орман-тоғайдағы ағаштарды кесуді тез арада тоқтатып, көбірек ағаш отырғызу қажет. Бір қуантарлығы, соңғы жылдары бұл бағытта біраз жұмыс қолға алынды.



Одан кейін кез келген жерге қоқыс тастауды қою керек. Табиғат аясына демалуға барғандар өз қоқысын жинап кетсе, қандай жақсы! Футболдан әлем чемпионатында жапон жанкүйерлері стадионда отырған орнын жинап кетті де, бәрімізді сүйсіндірді емес пе? Сондықтан қоқысты тастауға рұқсат етілген жерге ғана тастап, көшеден қоқыс көрсеніздер, жинап жүріңіздер. Жан-жағымызды таза ұстауға титтей де болса үлес қосайық!

Тоғжан БЕРДӘУЛЕТ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің менеджмент және халықаралық коммуникация факультетінің 1-курс студенті

Отбасым - менің қорғаным

Менің түсінігімде, отбасы – сенің қорғаның. Өйткені отбасы мүшелері сені көз келген жаудан қорғауға дайын тұрады.



Менің отбасымда әкем, әпкем, ағам және мен бармыз. Әкем жұмыстан келгенде қызық әңгімелерін айтып береді. Ал әпкем екеуіміз ас бөлмеде дәмді тамақ пісіреміз. Ағам кітап оқығанды жақсы көреді. Олар маған ешқашан дауыс көтерген емес. Қателессем, кешіріммен қарайды. Біздің отбасы мереке

күндерді асыға күтеді. Өйткені мереке-мейрам отбасы мүшелерін біріктіреді. Қуаныш сыйлайды. Біз қандай жағдай болмасын, бір-бірімізді қолдап, қорғаштап жүреміз. Қиын сәттерде демеу болып, жалғыз қалдырмай, қолдау көрсетсе, нағыз отбасы, міне, сол.

Мына қысқа өмірде мен өз отбасымды ренжітіп алғым келмейді. Мен осындай жаныма жақын, қиналған сәтімде қол ұшын созатын отбасымның бар екеніне шүкіршілік етемін. Әкем мені еркелетеді, әпкем ақылын айтады, ағам әрдайым қорғап жүреді. Әжем «әр бала отбасында не көрсе, соны істейді» деп айтушы еді. Ол сөздің мағынасын енді түсіндім. Мен өзімнің отбасымда қамқорлықты, сыйластықты, жүрген ортанмен жақсы араласу керек екенін көрдім. Үлгі алдым. Мен отбасы деген нәрсенің жай сөз емес, өзіндік үлкен орны бар екеніне көзім жетті. Мен өз отбасыммен мақтанамын.

Аружан НҰРМҰХАНБЕТ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің менеджмент және халықаралық коммуникация факультетінің 1-курс студенті

Дос – адалдық пен өзара сенімнің қосындысы. Қазіргі уақытта адал дос табу – қиынның қиыны. Себебі достық деген – сену. Сенімнен бір шықсаң, достықтың қадір-қасиетін жоғалтасың. Әрине, бәрінің досы бар. Серуендейтін досың бар. Әңгіме айтатын досың бар. Тауға шығатын досың бар. Тамаққа бірге баратын да досың бар. Бірақ сенің жүрегің қас айрылып, жалғыз қалған сәтте бір жылы сөз айтып, сені қолдайтын досың жоқ.

Мен досыма «кешір» деп айта алмадым...

Жүзінде күлкі үйіріліп, оның астарынан саған қандай оймен қарап тұрғанын байқау онайға соқпас. Алайда уақыт өте ол досың да саған өзінің шын ниетін көрсетеді. Әрине, достың бәрі сондай деген сөз емес. Дегенмен адал дос өте сирек кездеседі. Тек сол кездескен адал досымыздан айырылып қалмай, бағалайықшы. Кешірімді болайық, кешірім сұрай білейік. Иә, бәрімізде кішкене «көкірек» бар. Біз үшін шын аландаған, әрдайым жаныңнан табылатын, қиын кезде қолдап, көмек қолын соза білген досың үшін сол «көкіректі» ысырып қойған дұрыс шығар.

Өз басымнан өткерген оқиғаны айтайын. Мен бала күннен келе жатқан досымды қатты ренжіттім. Сонда өзімнің қаншалықты қатыгез екеніме көзім жетті. Тіпті «кешір» деген сөзді айта алмадым. Оған дейін де қаншама рет ренжіткен едім. Бірақ ол мені ешқашан жалғыз қалдырған емес. Менің жаман мінезімді көтере білді. Ал мен оны қатты ренжіттім, тіпті менің тарапымнан өте ауыр сөздер айтылды. Соны біле тұра, менің әлсіздігім сонша жай ғана «кешір» деген сөзді айтып, достығымызды сақтап қала алмадым. Ол менің қолымнан келмеді.

Иә, біз араласамыз. Сәлеміміз түзу. Қал-жағдай да сұрасып тұрамыз. Алайда бұрынғы шынайылық пен сенімге құрылған бала достығымыз жоқ. Иә, сол пәк достығымыз жоқ...

Бұл өмірде жалғыз болу қиын. Сондықтан адал достарымызды бағалайық! Оларды ешқашан ренжітпейік! Себебі достық та шынайы махаббат секілді сирек кездеседі...

Аружан ОРАЗБАЙ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің менеджмент және халықаралық коммуникация факультетінің 1-курс студенті

Менің Ақмамам



Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА – экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріміші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Нұртүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №2003;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Караан», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңсірішкітерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.